

## КЕЛБЕТ

### ОТАН ЖӘНЕ ИМАН

2-бет

## АЛЕҰМЕТ

### «КСК» БОЛМАЙДЫ

4-бет

## TARIH

### «АЛТЫН ОРДАНЫҢ ТІЛІ – КӨНЕ ҚЫПШАҚ ТІЛІ»

5-бет

## QUQYQ

### МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ЗЕЙНЕТКЕРЛІККЕ ШЫҒУ ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ?

6-бет

«ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ»

## «ХАЛЫҚ ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛЕДІ»

**Жезқазған қаласының әкімі тұрғындар алдында есеп берді**



Мемлекет басшысының Жарлығына сай, орталық мемлекеттік органдар мен облыс, қала, аудан басшылары жыл сайын халық алдында атқарған жұмыстары туралы есеп беретіні белгілі. Қалыптасқан дәстүр бойынша Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов Серке Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрында есеп беру кездесуін өткізді. Онда Жезқазған қаласының 2019 жылғы даму қорытындылары мен 2020 жылға жоспарланған межелер баяндалды.

Қайрат Баяндылы әр салаға жеке-жеке тоқталуды жөн санады.

Экономиканың нақты секторында 13 мыңға жуық адам жұмыс істейтін 122 кәсіпорын өз қызметін жүзеге асырады. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 535 млрд теңгеден асты. 2019 жылдың көрсеткішінің өсуі 2018 жылдың желтоқсанында Жезқазған мыс балқыту зауытында екінші рудотермиялық пештің іске қосылуына байланысты. Ол шикізаттың жетіспеушілігінен 2009 жылдан бастап консервацияланған. Пешті іске қосу есебінен мыс өндірісі (жылына 100 мың тоннаға) ұлғайтылды, сондай-ақ, қосымша жұмыс орындары ашылды. Күрделі қаржы салу көлемі 31,7 млрд теңгені немесе өткен жылдың деңгейіне 112%-ды құрап отыр. Бұл ретте жеке инвестициялардың үлесі 72%-дан 77%-ға дейін өсті, – деп өз сөзін жалғаса баяндамашы мысты өлкеде өндірістен бөлек ауыл шаруашылығы мен өнім өндіруде, құрылыс жүргізу мен инвестиция тартуда, инфрақұрылымды дамытуда да айтарлықтай ілгерілеу барын жеткізді.

Елімізде шағын бизнесің өркен жаюы экономикамыздың нығаюына, халықтың тұрмысын жақсартуға септігін тигізетіні сөзсіз. Сондықтан, тәуелсіздік алған кезден бері шағын бизнес өкілдеріне деген қамқорлық пен оларға жасап отырған мүмкіндіктер мол. Солардың бірі – «Бизнесің жол картасы – 2020», «Қарапайым заттар экономикасы», 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы сынды мемлекеттік бағдарламалар. ►► 3-бетте

Осы тақырыппен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығы қарсаңында ғалым-тарихшы, зерттеуші Берік Әбдіғалиұлының кітабы жарық көрді. Бұл – ұзақ жылдардағы КСРО әскери мұрағаттарындағы, интернет-сайт жобаларындағы тынымсыз ізденістің нәтижесінде пайда болған мүмкіндік. Біз алаңат майданға 1 366 164 қазақстандық қатысқанын, оның 602 928-і ұрыс даласында опат болып, жақындарының жадында мәңгі бақи жас күйінде қалғандарын білеміз. Автордың пайымдауына, қазақтардан 130 000-нан астам жауынгер қаза болған.

## «ҰМЫТЫЛҒАН ҚАҺАРМАНДАР»



Қазақстанға 12 атықштар, 4 кавалериялық дивизиялар, 7 атықштар бригадасы, 50 жеке полк, 22 артиллерия дивизионы, 4 миномет дивизионы, 3 авиация полкі, 14 жеке батальон жасақталды.

Қазақ даласында Екінші дүниежүзілік соғыстың жалыны шарпымаған, қара жамылмаған отбасын табу қиын. 1941 жылы 22 маусымда таң қылаң бере бейбіт жатқан кеңестік қалың елге фашистер тосыннан шабуыл жасап, халықтың тыныштық өмірін бұзды. Адамдарды енді қанқұйлы соғыс жағдайында тіршілік етуге мәжбүрлеп, қоғамның даму барысын және сан миллион адамның тағдырын талқан қылды.

«Ата-бабаларымыз батылдық пен ерлік көрсетіп, жауға қаймықпай қарсы шығып, Ұлы Жеңіске қол жеткізді. Шегі мен шегі көрінбейтін майданның әр түркірінен командирлер марапат қағаздарына жүгіне отырып, сарбаздардың ерліктері туралы жазды. Шайқастар арасында асығыс жазылған әрбір жолда шындықтың даусы естілді. Ойткені, алдыңғы шепте, өлім үнемі серік болған кезде, өтірікке ешқандай жол жоқ, – деп ойын түйіндейді автор.

Ұлы Отан соғысы жылдары 497 отандасмызға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Олардың 280-і – орыс, 96-сы – қазақ, 86-сы – украин, 45-і басқа ұлт өкілдері. 113 қазақстандық «Дан» орденінің үш дәрежесіне бірдей ие болған. Соңғы зерттеулер және жарияланған мәліметтер Екінші Дүниежүзілік соғыста жасаған жанкешті ерлігі үшін 103 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағына ие болғанын дәлелдейді.

Көптеген қаһарман жауынгерлерге Батыр атағы қайтыс болғаннан соң берілген. Ресей, Белоруссия, Украина және басқа Еуропа елдерінде сан миллиондаған белгісіз және есімі ұмытылмаған жас боздақтар қалды. Соғыс даласында әлі де іздеу жұмыстары жалғастырылуда. Мысалы, «Қазақмыс» корпорациясы Қаныш Сәтбаев атындағы музей-

►► 8-бетте



Біз 2019 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында айтылған мемлекет дамуының стратегиялық бағыттарын жүзеге асыруды бастадық. Онда еліміздің экономикалық дамуы үшін елде қоғамдық-саяси модернизация жасау қажеттігі атап өтілді. Сонымен қатар, тек билік пен қоғамның тұрақты диалогы арқылы ғана үйлесімді мемлекет құру мүмкін екеніне ерекше назар аударылды. Бұл атқарушы билік органдары

жұмысының негізгі принципі ретінде белгіленді, – деп өз баяндамасын бастаған қала басшысы жергілікті атқарушы орган өз жұмысын «халық үніне құлақ асатын мемлекет» принципі негізінде жүргізіп жатқанын айтты. Сөзіне дәлел ретінде тұрғындардың өтініші мен тілектерін ашық түрде білдіруге мүмкіндік беретін әлеуметтік желілердегі арнайы парақшалар мен «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасы шеңберінде қала әкімілігі ғимаратының бірінші қабатынан орын тепкен «Open Space» кабинетінің ашылуын алға тартты. Қаланың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері жылдан жылға қарқын ала бастағанын өнеркәсіп өндірісінің өсуімен, қала бюджетінің 1,5 пайызға артуымен байланыстырған

## ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

### ҚАБЫЛДАУҒА КЕЛГЕНДЕР

**баспана сұрады**

Осы аптада қала басшысы Қайрат Бегімовтің қабылдауына жазылған 12 тұрғын әкімнің алдында болып, өз сұрақтарына нақты жауап алды.

Қабылдауға келгендердің дені баспана мәселесін көтерді. Олардың дені – тұрғын үй кезегіне тұрғандар мен апатты үйді паналап отырғандар. Тұрғын үй кезегінде он жылдап тұрған көп балалы ана мен жетім балалардың мұң-мұқтажына құлақ асқан қала әкімі қырықна шыдағандарды, қырық бірине де шыдауға шақырды.

Жезқазған қаласында тұрғын үй құрылысы бұған дейін тоқтап тұрғанын жақсы білесіңдер. Құрылыстың болмауына әкімдік немесе билік басындағылар да кінәлі емес. Бәріне қаражаттың жоқтығы қолбайлау екенін түсінгеніңдер деймін. Соңғы жылдары жағдай оңалып, бюджет қаржысы құрылыстың қарқын алуына жол ашты. Биылдың өзінде екі көпқабатты тұрғын үй пайдалануға беріледі. Келер жылы тағы 90 пәтер үлестіріледі. Сондықтан, тұрғын үй кезегі жылжып, сіздердің де баспаналы болатын күндеріңіз жақындалды. Тек күту керек, – деген Қайрат Бегімов пәтерлер тек кезекпен берілетінін түсіндірді.

Жатақхана бөлмесін сұрағандарға бір айдың ішінде нақты жауап беретінін жеткізген ол Шевченко 17, Жеңіс 11 мекенжайындағы апатты үй тұрғындарына да мәселенің мән-жайын баяндады.

Қазіргі таңда біздің қалада 650 тұрғын үй бар. Оның 16-ы апатты деп танылған. Осы апатты үйлердің тұрғындарын көшіруді біз үш жылға жоспарлап отырмыз. Қажетті сомма 1,2 млрд теңгені құрайды. Биылдың өзінде 7 апатты үйдің мәселесі оң шешімін таппақ. Шевченко мен Жеңіс көшесіндегі апатты үйлер жоспар бойынша 2021-2022 жылдары қамтылады. Дегенмен, олардың қазіргі жағдайы тағы бір мәрте сараптамадан өтетін болады. Сараптама ол үйлер енді шыда бермейді деген қорытынды шығарса, шұғыл түрде қаржы іздеуге кірісеміз, – деді.



Әрине, әкім қабылдауында коммуналдық мәселелер де көтерілмей қоймайды. Жылудың аздығы мен ауыз су қысымының жоқтығына шағымданған тұрғындардың сұрағы назарға алынып, жауапты сала мамандарына нақты міндеттер жүктелді. Осылайша, 2012 жылдан бері жылуға жарымай отырған Строительный көшесіндегі 14-үйдің жылу жүйесінде 20 ақпанда жөндеу жұмыстары жүргізілетін болды. Ал, Жұбанов көшесіндегі судың қысымы бір аптаның ішінде реттелмек.

Диана ОРАЗАЛИНА

## БӨРЕКЕЛДІ!



### АНИТА АЛТЫНМЕН ОРАЛДЫ

Жезқазған боксшыларының қоржыны тағы бір алтын медальмен толықты.

Екібастұз қаласында бокстан 2002-2006, 2004-2005 жылдары туған қыздар арасында өткен Қазақстан чемпионатында кенгірлік жас боксшы Анита Адиева І орынды қанжығалап, бүкіл Қарағанды облысының мерейін асырды.

Анитаның боксқа деген қызығушылығы 2018 жылы өзі оқитын № 2 Кеңгір орта мектебінен бокс үйірмесінің ашылуымен оянды. Содан бері үздіксіз дайындықтың нәтижесінде осынау физиологиялық тұрғыдан қауіпті спорт түрінің қыр-сырын меңгерген ол бүгінде қаламыздағы мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер мектебінде де тәрбиеленуде.

Жарыста Алматы, Жамбыл, Атырау, Қарағанды облыстарының боксшыларымен жүдырықтасып, жеңіс тұғырынан көрінген Анитаның бапкері – Айдар Сайдалин. Жас та болса бас болып, Анитадан бөлек Мадина Ергалиева, Индира Қыдырмолдаева, Алмас Сұлтанбеков, Санжар Жақсылық, Әліби Сатыбалдин сынды қалалық, облыстық бокс жарыстарында жүлделі орындарға ие болған жастарды тәрбиелеп жүрген Айдар Сайдалин шәкірттерін осы айда өтетін жалпы жаттығу жиынына дайындауда.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

## БАСПАСӨЗ – 2020!

«SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТИНЕ  
2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСУДА  
Құрметті оқырман!

Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу жалғастырынып жатқанын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.

Газетке 11 айға жазылу бағасы

Жеке тұлғалар үшін

Мекенжайға жеткізіп беру – 3700 теңге;  
Редакциядан келіп алу – 2700 теңге;

Заңды тұлғалар үшін

Мекенжайға жеткізіп беру – 6700 теңге;  
Редакциядан келіп алу – 5700 теңге.

Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:  
8 7102 71 00 55, 77 50 25

«SARYARQA»  
ГАЗЕТИН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ДЕ ОҚИ  
ЖҮЙІҢІЗ!

FACEBOOK.COM/SARYARQAGAZETI/  
T.ME/SARYARQA/  
@SARYARQA\_GAZETI  
WHATSAPP + 7 708 420 19 88

SARYARQA-АҚПАРАТ ЕЛОРДАДА АБАЙДЫҢ 175 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АЙТЫС ӨТЕДІ

Елордада 8 ақпан күні ұлы Абайдың 175 жылдығына орай «Адамзаттың алыбы – хәкім Абай» атты республикалық ақындар айтысы өтеді.

Мәдениет және спорт министрлігі мен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ұйымдастыратын айтыс «Nur Otan» партиясы қолдауымен өткізіледі. Дүбірлі долаға Еркебұлан Қайназар, Мұхтар Ниязов, Мейірбек Сұлтанхан, Рүстем Қайыртаев, Дидар Қамиев, Әсем Ереже, Болатбек Оразбаев, Тілген Әділов, Қалижан Білдәшев, Нұрлан Есенқұлов, Шалқарбай Ізбасаров, Ершат Қайболдин, Марат Ахметов, Рауан Қайдаров, Серік Қуанған, Нұрзат Қару қатарлы он алты ақын қатысады. Жыр жәрменкесін Жүрсін Ерман жүргізеді.

«NUR OTAN» мен КӘСІПОДАҚТАР ФЕДЕРАЦИЯСЫ МЕМОРАНДУМ ЖАСАСТЫ

«Nur Otan» партиясы мен Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Аталған құжатқа қол қоюдағы басты мақсат – елімізді әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуға, қызметкерлердің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтары мен мүдделерін қорғау жүйесін дамытуға бағытталған бірлескен іс-қимылдарды жүзеге асыру. Тараптар осы бағыттағы жүйелі өзара іс-қимыл мен сындарлы ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін екіжақты келісімге келді.

Жиында «Nur Otan» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек екі ұйымның әлеуметтік мүддесін көздеген мақсаттары тоғысатын тұстары көп екенін алға тартты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр тұңғыш рет кәсіби мереке ретінде енгізілген Кәсіподақтар күнінде «Қазіргі кәсіподақтардың қозғалыстары еңбеккерлердің жұмыс орнындағы құқықтары мен еңбек қауіпсіздігінің сақталуын, лайықты еңбекке мен әлеуметтік кепілдіктер алуын қамтамасыз етеді» деп атап өткен болатын. Осы ретте, «Nur Otan» партиясы арқашан қазақстандықтардың еңбек құқықтарын қорғауға ерекше көңіл бөледі. 2019 жылдың қорытындысы бойынша партияға 217 мыңнан аса арызшағым түскен, оның 3 мыңнан астамы еңбек заңнамасы, жалмақының уақыттылы төленбеуі, зәңсіз жұмыстан шығару мәселелеріне қатысты. Яғни, қызметкерлердің еңбек құқықтары бойынша мәселелер біздің ел үшін өте өзекті. Елбасы – «Nur Otan» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев «Партия карапайым адамдардың, мұғалімдердің, дәрігерлердің, өнеркәсіптік кәсіпорын еңбеккерлерінің мүдделерін қорғауы қажет» деп атап өткен болатын. Осы бағытта заңның үстемдігін, жұмысшылардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жалғастыру үшін «Nur Otan» партиясы еліміздің ең ірі кәсіподақ ұйымы Кәсіподақтар федерациясымен өзара ынтымақтастықты одан әрі дамытуға келісті – деді партия Төрағасының бірінші орынбасары.

Бүгінде елімізде жұмыс істейтін адамдар саны 9 миллионнан аса, олардың 2 миллионы Қазақстан Кәсіподақтары федерациясының қатарында. Ал, 600 мыңнан астамы «Nur Otan» партиясының мүшесі. Сондықтан жұмыс істейтін азаматтардың өзекті мәселелерін шешу, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау – партия мен кәсіподақтар қызметіндегі басым бағыттардың бірі.

Өз кезегінде Қазақстан Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Ералы Тоғжанов екіжақты меморандумға қол қоюға келісім берген партия башылығына алғысын білдірді. «Nur Otan» – нақты істердің партиясы. Халықтың жанашыры, әлеуметтің жарнанышы болып отырған ең ірі, беделді партиямен осындай құжатқа қол қоюға келіп отырмыз. Өздеріңіз білесіздер, 2012 жылдың өзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев еңбек адамына байланысты үлкен мәселелерді көтерген болатын. Сол сұрақтардың барлығы бүгін де күн тәртібінде тұр. Сондықтан еңбек адамының мәртебесін, беделін көтеруге тиістіміз. Партиямен көптеген сұрақтарымыз ортақ. Педагог мәртебесіне байланысты көптеген сұрақ талқыланды. Біз енгізген ұсыныстардың нақты 14-і қабылданды. Сол сұрақтардың ішінде қаншама шешім тапқан мәселелер осы жерде «Nur Otan» партиясы аясында өткен отырыстан кейін жанданды деп айтсам артық емес – деді Ералы Тоғжанов.

БЕС МЕДИЦИНАЛЫҚ АНЫҚТАМАНЫҢ ҚАҒАЗ НҮСҚАСЫ ЖОЙЫЛДЫ ҚР Денсаулық сақтау министрлігі 2020 жылы электронды үлгіге толықтай көшірілетін қызметтерді жариялады.

«Қазақстан Денсаулық сақтау министрлігі Цифрландыру кеңесі жұмысының маңызды бағыттарының бірі – денсаулық сақтау және оны трансформациялау саласында ұсынылатын мемлекеттік қызметтерді электронды үлгіге көшіру», – делінген хабарламада. Министрлік 2020 жылы мынадай қызметтерді электронды үлгіге толықтай көшіру туралы мақсат қойған: – Медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымнан анықтама беру; – Стационарлық науқастың медициналық картасынан көшірме беру; – Науқастарға стационарға емдеуге жатқызуға жолдама беру; – Медициналық қызметтерді тұтынушы ретінде қатысуы туралы және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне аударымдардың және (немесе) жарналардың аударылған сомалары туралы ақпарат беру; – Дорілік заттар мен медициналық бұйымдардың қауіпсіздігі, сапасы және тиімділігі туралы қорытынды беру.

Жоғарыда көрсетілген қызметтердің барлығы таяуда www.egov.kz электрондық үкімет сайтында болады. Сонымен қатар, министрлік 5 медициналық анықтаманы жойды. 2020 жылы ДСМ алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту туралы анықтама, келік құралын жүргізуге рұқсат беру туралы анықтама, психоневрологиялық ұйымнан анықтама, наркологиялық ұйымнан анықтама, туберкулезге қарсы ұйымнан анықтаманың қағаз түріндегі нұсқасы жойылды. «Ешқандай анықтама болмайды. Кез келген азамат мемлекеттік қызмет алу үшін медициналық анықтамалар автоматты түрде (азаматтың рұқсатымен) рәсімделеді», – делінген хабарламада. Еске салсақ, 2019 жылы «Мекенжай анықтамасын» беру тоқтатылған еді.

ДІН – ДІНГЕК

Қазіргі заманымызда өзгемен терезесі тең тәуелсіз, дербес ел болу – әрбір ұлт пен ұлыстың маңдайына бұйыра бермейтін үлкен бақыт. Жер бетінде ұшысына қазақтың санынан әлденеше есе асып кететін, алайда дербес ел бола алмай, басқаның болауында жүрген талай жұрт бар.

Осындайда сайын даланың дуалы ауыз абызы Асан қайғының мына сөзі еріксіз еске түседі: *Ата жұрты бұқара Өз қолында болмаса, Қанша жасқұ болса да, Қайратты туган ер гәріп!* Мұнда айтылған ғаріптікті басынан өткізіп, өзгенің өктемдігіне көңіл жүрген қанша мұсылман халықтар да бар. Жаратқан Иеміз барша мұсылманды кіріптарлықтан құтқарып, абыройларын арттырып, қуанышқа бөлесін! Отанға, туып-өскен жеріне, еліне, қоғамына деген қимас сүйіспеншілік – әрбір жан үшін аса киелі ұғым, ыстық сезім. Кім-кімнің де өсіп-өнген жері –

*оған да артық ыстық ем!», «Уа, Алла! Бізге Мәдинаға Меккеде жасаған құт-берекеңнен екі есе артық береке дарым!»* (Бұхари). Ақиқатында, солай болып шықты да! Мәдина да Мекке секілді құт дарыған мамыражай қалаға айналды. Демек, Алладан туған елінің, Отанының амандығын, абақтылығын тілеу Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) салған сүннет жолы. Алланың елшісі де туған жерін, елін ерекше жақсы көрген. Ағайын-туыс, ел-жұртын титтей жамандыққа қимаған. Барлығының ізгілік жолын ұстанып, екі дүниенің бақытына жетуі үшін тынбай үгіт жүргізіп, қызмет еткен. Шынында әр ердің өз елін жақсы көруі



ОТАН ЖӘНЕ ИМАН

оның Отаны. Әрбір адам туған жерін, Отанын қастерлеп, қадіріне жете білуі тиіс. «Отан қадіріне жетпеген өз қадіріне жетпейді» дейді халық нақылы. Ендеше, туған жері мен елін құрметтеу, адал қызмет етіп, оның данқын асыру – әрбір азаматтың қастерлі борышы. Қазақ тіліндегі Отан ұғымы дінмен тікелей байланысты. «Отан» сөзінің өзі шыңғайтына келгенде шариғат сөзі. Бұл, әсіресе, фикһ ілімінің сапар намазы бөлімінде көп кездеседі. Онда адамның тұрғылықты жері «отан» деп аталады. Расында да, отансүйгіштік, патриотизм ұғымдары асыл дінімізбен астасып жатыр. Дінімізде «Отанды сүю – иманнан» деген нақыл бар. Адамзаттың ардақтысы Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзі туған Мекке қаласына ыстық ықылас-сүйіспеншілікпен қараған. Мәдина шаһарына қоныс аударғаннан кейін де туып-өскен мекені – Меккені мұхаббатпен бірге сағына еске алып отырған. Ал Меккені алған кезде, Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қасиетті қалаға қарап тұрып: *«Сен мен үшін сондай қымбатсың, сүйкісің. Егер де мүшкірлер күш шығарсаңда сенен басқа жерде тұрмағандық өйді»*, – деген (Табарани риуаяты). Алла Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Хақ Тағаладан мұсылмандардың жаңа тұрағы Мәдинаны да Меккедей сүйкімді, ыстық Отанға айналдыруын тілеп былай дұға еткен: *«Уа, Алла! Бізге Меккеңі сүйікті еткеніңдей Мәдинаны да сүйікті ет»*

– шынайы имандылықтың көрінісі. Бұл жақсы көрудің жалаң ұлтшылдықтан, жершілдіктен айырмасы аспан мен жердей. Риуаят бойынша бір кісі Пайғамбардан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Уа, Расулалла! Бір адам өзінің ұлтын, қауымын жақсы көрсе, ол рушылдық болып санала ма?» – деп сұрады. Сонда Алла Елшісі: *«Жоқ. Егер адам өзінің қауымының аузымыз жасауына жасдай жасаса, сонысы рушылдық»*, – деп жауап береді (Ахмет, Ибн Мажә жеткізген). Олай болса, бір қоғамда тіршілік етіп жатқан жандардың бір-бірін бірлікке, ынтымаққа, ізгілікке шақыруы, олардың ортақ Отанға деген құрметі әрі әділдікке болысуы. Отан – туып-өскен отбасымыз, ата-анамыз, ауасын жұтып, суын ішіп жүрген, кең-байтақ атамекеніміз. Міне, осы туған ел мен жерге ел болу, оның амандығын тілеу – әрбір мұсылманның адал әрі азаматтық борышы. Ислам діні бізді осылайша Отанымызды сүюге, оған опалы болуға шақырады. Мысалы, Отанға деген сүйіспеншілік адамның ісі мен сөзінде қалай көрінеді? Парасатты жан өз Отанын жамандамайды. Өзге жұрттың алдында елін, жерін мақтан тұтады. Жаратқан Иелен елі мен жерінің тыныштығы, жарқын болашағын тілеп, дұға етеді. Мысалы, еліміздегі мешіттерде жұма сайын имамдар, діндарлар Алла Тағаладан Отанымыздың, халқымыз бен ел басыларының амандығын, ынтымағын үзбей тілейді. Тәуелсіздігіміздің баяндылығын, мемлекетіміздің қауіпсіздігін сұрайды. Жамағаттың, елдің бірлігі үшін үгіт-

насихат жүргізеді, ағайынның татулығын, бейбітшілікті уағыздайды. Мәдреселерде иманды да, ибалы ұл-қыздарды тәрбиелеуге көңіл бөлінеді. Адамгершілік, татулық, тақуалық, бірлік туралы діни дәрістер үзбей жүргізіледі. Әлеуметтік, қоғамның бірлігі – Отанның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бұқара халық арасында ауызбіршілікті, ағайыншылықты уағыздау – Жаратқанның бұйырған ісі. Өйткені біз – жақсылыққа бұйырып, жамандыққа тосқауыл жасайтын ізгі ұмметтің ұрпағымыз. Ирбад ибн Сариядан (р.а.) жеткен риуаятта Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Адамдардың ең қайырлылары – адамдарға көбірек пайда әкелгендері»*, – деп жауап берген (Бәйһақи мен Табарани жеткізген). Сондықтан туған елімізді сүйем деген әрбір азамат сол айтқанын туған елге жасаған жақсылығымен дәлелдеуі керек. Қаражаты болып тұрса, мешіт-мәдресе сияқты имандылық ордаларын салып немесе елге қажетті мектеп, аурухана, жол, көпір салып, құдық қаздырып, мұқтаждардың т.б. қажетін өтеп, туған елге қызмет еткені абзалырақ. «Ерім дейтін ел болмаса, «елім» дейтін ер қайдан шықсын» дейді халық даналығы. Сол үшін отаншылдық рухы бар, ұлтжанды, иманжүзді ұрпақ тәрбиелеу – бүкіл елдің міндеті. Халық даналығы «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп, туған елге адал қызмет етуге шақырады. Отан жайлы осы тақылттес ұстанымдар жалпы мұсылманшылық ұстаныммен бір

арнада. Алланың Елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Екі көзді тозақ оты шартылмайды. Алладан қорқаныштан жылған көз бен Алла жолында елін күзеткен көз»*, – деген (Тирмези жеткізген). Жұрыда өткен имамдарының III форумында Қазақстан мұсылмандарының «Жеті рухани қазық» атты рухани тұғырнамасы қабылданды. Сонда айтылған басты рухани қазықтардың бірі «Отанды сүю» деп аталады. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осы форумға құттықтауы лебінде былай деді: «Парасаттылық, отансүйгіштік, адамгершілік қасиеттерін халықтың санасына сіңіру – сауабы мол абыройлы миссия. Ислам дінінің осындай ізгі құндылықтары еліміздегі мұсылмандар қауымын біріктіріп, ынтымағын арттырып отыр». Демек, басып болып, қосып болып тәуелсіз Қазақстанның одан әрі көркейіп берудіне атсалысып, отансүйгіштік қасиетін өскелең ұрпақтың бойына сіңіре білсек, қасиетті Алаш елінің келешегі де кемелдене бермек. Ендеше, еліміздің азаттық алған тәуелсіздік күні барша Алаш жұртына құтты болғай! Алла Тағала біздің ортақ Отанымыз – Қазақстанымыздың тәуелсіздігін одан әрі баянды етіп, назарынан тайдырмасын, бақуатты да бай-қуатты әрі иманы күшті елге айналдырсын! Елімізді алтыбақан алауыздықтан, апаттардан сақтағай! Ел болашағы – жастарымыздың сүйікті Отанына қатқылсыз қызмет жасайтын иманды әрі салиқалы болып өсуін нәсіп еткелі. Әумин!

Серікбай қажы ОРАЗ, ҚМДБ төрағасы, Бас мұфти «Иман» журналы

АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ТОБЫ өткен жылғы жұмысын қорытындылады

Жезқазған қаласының әкімдігінде діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша қалалық ақпараттық-түсіндіру тобының 2019 жылғы жұмысы қорытындыланды. Жиында қалалық ішкі саясат бөлімі конфессияаралық қатынастарды мәселелерін зерттеу және сараптау орталығы ұйымдастырды.

«Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны бекіту туралы» қаулысы негізінде Жезқазған қаласы әкімінің 2019 жылғы 9 қаңтардағы өкімімен діни экстремизмнің алдын алуға арналған ақпараттық-түсіндіру тобы құрылған болатын. Ақпараттық-түсіндіру тобы құрамында теолог, дінтанушы, ардагерлер кеңесінің мүшелері, мемлекеттік қызметкерлер, мәдени орталықтардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері және қоғам белсенділері болды. Есептік кезеңде жастар жылы аясында ақпараттық-түсіндіру тобының құрамына көбінесе жас буын тартылып, лекторлардың жас буынын қалыптастыруға басқа нөмі берілді. Кездесуді ашқан Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова жыл бойы жүзеге асырылған ішкі саясат жөніндегі ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелеріне алғысын жеткізіп, 2020 жылғы жұмыстарына сәттілік тіледі. Осыдан кейін Жезқазған қаласының ішкі саясат бөлімі конфессияаралық қатынастарды мәселелерін зерттеу және сараптау орталығының директоры Гүлнұр Жолашарова жылды қорытындылап, есеп берді. Жалпы ақпараттық-түсіндіру тобы мүшелері бекітілген жоспарға сай 2019 жылғы 99 кездесу және 14 «Бұны білу маңызды» акциясы өтті. Аталмыш ша-

ралар 15 605 адамды қамтыды. Ақпараттық-түсіндіру тобы бекітілген кестеге сай қаламыздағы жоғарғы және орта оқу орындарын, жалпы орта білім беретін мектептерді, балалар және жасөспірімдер спорт мектебі мен «Үміт» балалар үйін, Талап, Кенгір, Малшыбай, Теректі елді-мекендерін және қаланың барлық мемлекеттік мекемелері мен сауда орталықтарын қамтып, жұмысыз жүрген азаматтар мен маргиналды жастармен ауқымды жұмыс жүргізді. Негізінен өткен жылға жоспарланған кездесулердің басым бөлігі өндіріс орындарындағы жұмысшы жұмысқа бағытталды. Себебі, өндіріс қызметкерлері ауысымдық жұмыс кестесімен жүретіндіктен көптеген мемлекеттік бағдарламадан бейбар қалып жатады. Сондықтан, Жезқазған мыс қорыту зауыты, №1,2,3 байыту фабрикалары сияқты алып өндіріс ошақтарында ауқымды кездесулер өтіп, оған аталған ұжым жауапкершілікпен, белсенді әрі қызығушылықпен атсалысты. Ақпараттық-түсіндіру тобы жүргізген шараларының тақырыптарында мемлекеттің зайырлық сипаты, отаншылдық, қазақстандық патриотизм, халықтың рухани құндылықтарын сақтау, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, сондай-ақ радикалдық сипаттағы діни ағымдардың қарағар әрекеттері және олардың қоғамға қауіптілігі жөнінде мәселелер кеңінен айтылды. Ақпараттық-түсіндіру тобы жұмысының тағы бір ерекшелігі – діни мән дәстүрге, зайырлық пен толеранттылыққа



қатысты теориялық ақпараттар мен білімдері тәжірибе арқылы іс жүзінде аудитория назарына ұсыну болып табылады. Соның бірден бір дәлелі ретінде мектеп оқушылары мен жоғары және орта арнаулы оқу орындарының студенттерін қамтыған «Ақ әжелер» этнографиялық тобы мен тарихи-археологиялық мұражайы қызметкерлерінің қатысуымен өткен қазақ халқының «Бесікке салу», «Тұсау кесер», «Қыз ұзату», «Шаш өру» сияқты ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар көрінісі мен ұлттық киімдер мен әшекей бұйымдарды таныстырылым атап өтуге болады. Әскеңе ұрпақтың бойында отансүйгіштікті, ұлттық құндылықтар мен халықтық дәстүрлерге деген сүйіспеншілікті оятатын бұл практикалық тәсіл оқушылар мен білім алушыларды қызықтырғанын айта кеткен жөн болар. Кездесу 2019 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша жетістікке жеткен бірқатар ақпараттық-түсіндіру тобының

мүшелерін марапаттаумен жалғасты. Атап айтқанда, қалалық білім бөлімінің тәрбие секторының меңгерушісі Гаухар Жақыпбекова республикалық «Жылдың үздік дәріскері» сайысының жеңімпазы атанып, 40 мың теңге көлеміндегі сыйақы иеленді. Білім саласының үздігі Шынар Қажмағамбетова республикалық ақпараттық-түсіндіру тобы дәріскерлер даярлау және қайта даярлау курсының сертификаттың алды. Жастар ресурстық орталығының кадр мәселесі жөніндегі бас маманы Ізтелеу Түсіпов «Интернетте діни экстремизмнің насихатына қарсы іс-қимыл саласында қосқан қолдауы үшін» Қарағанды облысы діні істері басқармасының және Жезқазған қаласы әкімі орынбасарының Алғыс хатымен марапатталды. Дәл осындай марапат конфессияаралық қатынастарды зерттеу және сараптау орталығының инспекторы Акерке Серікке де бұйырды.

Ізтелеу БЕКЕНУЛЫ

ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Данышпан Абайдың мерейтойына арналған шараның шырайлысы Жезқазған гуманитарлық колледжінде өтті. Ғұлама ақынның құрметіне аталған оқу орында «Абай әлемі» өнер орталығы ашылды.

жылдығы мерейтойына арналған айтулы шара Жезқазған гуманитарлық колледжінде қабырғасына өтті. Ұлы ақынның құрметіне колледжде «Абай әлемі» өнер орталығы салтанатты түрде ашылды. Оның мақсаты – жастарға қазақ елінің салт-дәстүрін, ақын Абайдың шығармашылығын насихаттау, ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, ақынның даналығын, рухани асыл мұраларын насихаттап, өлеңдерін, әндерін мәнерлеп айтыққа арқылы көркем сөйлеуге, өз бетімен іздене білуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жетелеу. Сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру адамгершілікке, табиғат әсемдігін түсінуге, қасиетті нәрселерді қадір тұтуға тәрбиелеу. Аталған мекеме жүйелі жоспарлармен жыл бойы Абай мұрасын кеңінен насихаттап, өскелең ұрпаққа ұлы ақынның

қырларын аша түсуді көздеп отыр. Ұлы Абайдың мерейтойы мен орталықтың ашылуымен Жезқазған гуманитарлық колледжінде директоры Айгүл Исахова және әкімдік өкілдері құттықтап, ұстаздар мен студенттердің еңбектеріне алғысын айтып, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі. Колледж студенттері Абай Құнанбайұлының әндерін нақышына келтіре орындап, ойшыл өлеңдерін жатқа айтты. Кеш барысында Абайдың жастық шағынан қойылым көрсетіліп, бейнесін аша түсті. Абайды жаңа Қазақстанның брәндіне айналдырып, әлем жұртшылығына тағы бір мәрте кеңінен таныстыру бүгінгі ұрпақтың еншісінде.

Ізтелеу ТҮСПОВ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың 30 мамырында Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын кең көлемде әрі жоғары деңгейде мерекелеу туралы Жарлыққа қол қойған болатын. Президент қазақ халқының ұлы ақынының 175 жылдығы 2020 жылы «Юнеско» және «Түрксой» Халықаралық түркі

мәдениеті ұйымы аясында пысықталып, айтарлықтай аталып өтетінін айтқан-ды. Жас жылдың басында «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласын жариялағаны да белгілі. Мақалада Абай мұрасының халыққа берері мен ұлттымызды жаңғыртудағы рөлі айтылды. Соның негізінде айтулы туынды мұқым елдің жүрегіне жетіп, серпіліс берді. Міне, әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарына енген Абай Құнанбайұлының 175

175 ЖЫЛЫ

«ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ»

# «ХАЛЫҚ ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛЕДІ»

Жезқазған қаласының әкімі тұрғындар алдында есеп берді

(Соң. Басы 1-бетте)



Жергілікті кәсіпкерлердің аталған мемлекеттік қолдаулардан кенде емесітің жеткізген қала басшысы 2019 жылы бизнес саласында 24 жаңа нысан ашылып, 82 жұмыс орны пайда болғанын тілге тиек етті.



Жұмыссыздықты жою, әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген отбасыларды қолдау, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру, медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету, білім беру нысандарының метариалдық-техникалық жағдайын жақсартуға баса назар аударылатынын жеткізген Қайрат Бегімов жезқазғандықтарды алаңдатқан өзекті мәселелердің де шешімін табуда кешенді жұмыстар атқарылып жатқандығын айтты.

Халықты үздіксіз сумен жабдықтау бүгінгі таңда біздің қала үшін ең маңызды мәселе болып отыр. Қазіргі уақытта қала суды Кеңгір су қоймасынан 60% және Үйтас-Айдостан 40% көлемінде алады. Үйтас-Айдостан су құбырынан тұтынуды арттыруға ұзындығы 44 км құбырдың тозуы мүмкіндік бермейді. «Қазақмыс» корпорациясы Кеңгір су қоймасынан шаруашылық-ауыз су тазарту объектілеріне дейінгі, резервтік суағар құрылысын бастады, бұл Үйтас-Айдостан суағары мен, кессонға жөндеу жұмыстарын қиындықсыз жүргізуге мүмкіндік береді. Құбырдың жалпы ұзындығы 1 км, жобаның құны 500 млн теңгені құрайды. Бұл жұмыстарды мамыр айында аяқтау көзделіп отыр. Жезқазған қаласының халқын кепілді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында «Қазақмыс» корпорациясы Қожамсейіт кен орнын игеру арқылы, Үйтас-Айдостан су құбырын қайта жанарту бойынша жобалық-сметалық құжаттарды әзірлеуде. Мемлекеттік сараптамаға тапсырудың болжамды мерзімі – ағымдағы жылдың қыркүйек айы. Сондай-ақ, Есқұла су желісінің

құрылысын аяқтауға жол ашатын жобалық-сметалық құжаттамаға түзетулер енгізілуде. Оның құны шамамен 2,7 млрд теңге. Мемлекеттік сараптама қорытындысын алғаннан кейін, жобаны қаржыландыру үшін бюджеттік өтінім салалық басқармаға жіберілетін болады. Бұл Кеңгір су қоймасынан 40% алынатын ауыз судан бас тартып, халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қаланы үздіксіз жылумен қамтамасыз етуде мәселесі де күнтізбелі түскен емес. Аталмыш мәселені шешу мақсатында 2019 жылы қаланың негізгі жылу желілерін қайта құру (1,2 желі) жұмыстары басталды. Өткен жылы 2,5 км желі қайта құрылса, 2021 жылдың соңына дейін тағы 14,7 км жылу желілері жаңартылақ. Жобаның жалпы құны – 7,9 млрд теңге. Қайта құру жұмыстарының нәтижесінде 579 көпқабатты тұрғын үй мен 55 әлеуметтік және мәдени нысанды жылумен қамтамасыз ету жақсарды, жылу желілерінің тозуы 4,4% -ға (61% -дан 56,6% -ға) төмендейді, – деді.

Сонымен қатар, өз баяндамасында апатты деп танылған тұрғын үйлердің тұрғындарын көшіру, ескі үйлердің жағдайын оңалту, автокөлік жолдарын жөндеу, қала көшелерін жарықтандыру мен абаттандыру, экологиялық ахуалды жақсарту бойынша қолға алынатын нақты шараларды қаузаған қала басшысы 2020 жылы Жезқазған-Қызылорда бағытындағы тас жолға жөндеу жұмыстары басталатынын мәлімдеді. Тұрғындардың сенімін ақтауды өзіне міндет еткен Қайрат Баяндыұлы алдағы жұмысында да Жезқазғанның



әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету және халықтың өмір сүру сапасын арттыру бағытында аянып қалмайтынын айтып, тұрғындардың сұрақтарына кезек берді.

Әкімнің есеп беру кездесуіне келіп, өзін толғандырған сұрақтарға тұщымды жауап алуды көздеген қала тұрғындарының қарасы көп болғанын айтпаса да түсінікті болар. Дегенмен, сұрақтардың бәрі

бірдей орынды көтерілді деу қиындау. Қала маңындағы саяжайларға полиция бекетін орнатуды, коммуналдық қызмет төлемдерінің мөлшерлемесін азайтуды сұрағандардың өтініші қанағаттандырылмады. Ал, қала тазалығы мен ауыз су мәселесін көтеріп, коммуналдық сала қызметтерінің жұмысына көңілі толмаған тұрғындардың сын-ескертелері назарға алынды. Жезқазған-Ұлытау өңірі ақсақалдарының атынан сөз алған Мұрат Қазанбаев қалада бассейнің жоқтығына

алаңдаушылық білдірсе, Сұлтан Сүтбаев пайдалы қазбалардың жаңа мекендерін анықтау Жезқазған өңіріне ғана емес жалпы республика экономикасы үшін маңызды екенін айта келе, қала көшелерінің атауын өңірдің дамуында қолтаңбасы қалған тұлғалардың есімімен байланыстыруды сұрады. Қоғам белсендісі Асқар Қошанов сауда нүктелерінде саудаланып жатқан ет өнімдерінің сапасы толыққанды сараптамадан өтпейтінін алға тартса, Валентина Тютикова қалада ауқымды шаруалар қолға алынғанымен бақылаудың аздығынан нәтижесі сапасыз болатынын жасырмады. Мемлекеттік «Тұрғын үйлерді жаңғырту» бағдарламасы аясында құлағалы тұрған тұрғын үйін жөндеуден өткіздік деп қуанған Пугачев пен Омаров көшелеріндегі тұрғындар қазір келісім-шартқа қол қойғанына өкініп, бармақ тістеп қалған. Себебі, миллиондаған теңгеге жөндеген үйдің сыйқы мердігер кетісімен қаша бастаған. Тұрғындардың өтініш, тілектерін мұқият тыңдаған Қайрат Бегімов оларды шешудің жолдарын да ұсынды. Көтерілген барлық сұрақтардың оң шешімін табуына өзі атсалысып, тікелей қадағалауға және халық тілегін ескеруге сөз берді. Қордаланып қалған мәселелерді екінші қайтара көтерген тұрғындарды Қадыр Үңгітбаев тоқтатып:

– Бүгін біз Жезқазған қаласы әкімінің есебін тыңдадық. Мұнда қойылған сұрақтар әлі шешімін таппаған, атқарылуы тиіс шаруалардың мол екенін тағы бір мәрте дәлелдесе керек. Сондықтан, Сізден, қала әкімі ретінде жұмысты ширатуды сұраймыз. Халықтың тілегіне күнбе-күн құлақ асып, сұранысын орындауға, олармен қоян-қолтық жұмыс жасауға шақырамын, – деді.

Есеп беру кездесуінде микрофон тимей қалған тұрғындарды Қайрат Бегімов жеке қабылдады. Оның алдына келген бес тұрғын жеке тұрғын үй секторындағы заңсыз орнатылған жылу насостары мен баспана алу, қаланы газға қосу, жатақханадан бөлме жалдау сияқты сұрақтарын жолдады.

Диана ОРАЗАЛИНА

## МАЛШЫБАЙДАҒЫ МАРДЫМДЫ ІСТЕР

Өткен аптада Жезқазған қарасты ауылдық округ әкімдерінің халық алдындағы есеп беру кездесулері өтті. Ауыл әкімдерінің есебі Малшыбай ауылында түйінделді. Сарыкөңгір ауылдық округі әкімі Қайрат Бапановтың ауылдықтармен кездесуіне қала басшысы Қайрат Бегімов, қалалық мәслихат хатшысы Советбек Медебаев, қаладағы мекеме, кәсіпорын басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.



Ауыл әкімі есептік баяндамасын жақында ауылдық округ атауы Сарыкөңгір ауылдық округі, округ орталығы Малшыбай селосы болып бекігенінен бастап, ауылдағы игі бастамалар мен мемлекеттік бағдарламалардың орындалысына кеңінен тоқталды.

Қазіргі таңда ауылдық округте 84 отбасында 414 адам тұрып жатыр, 2019 жылы селоньы заңды және жеке тұлғаларынан мүлік салығына 6 000 теңге, көлік салығына 300 000 теңге қаржы түскен. «Малшыбай селосы әкімінің аппараты» ММ-не 41 млн. 012 мың теңге қаржы бөлініп толығымен игерілген.

Малшыбай селосында 6 адам жұмыссыз ретінде тіркеліп оның ішінде 2 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, жұмыссыз ретінде тіркелмеген 4 адам «Жалтырбұлақ» АҚ-на жұмысқа тұрды. Барлығы 6 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Ауылдың бір тұрғыны грант арқылы 2 бас сиыр алуға 500 мың теңге алды. Жеке кәсіп ашып, оны дамытуға, бизнесті өркендетудің тұрақты көздерін қалыптастырып, жеке инвестицияны ынталандыру және нарық еркіндігін қолдау мақсатында 9 шаруа қожалығы мемлекеттік бағдарламаларға қатысты. Оның ішінде 6 шаруа қожалығы ірі-қара малдарын асылдандыру бойынша субсидия алса, 1 шаруа қожалығы «Сыбаға» бағдарламасы арқылы шет елден 69 бас сиыр сатып алды. 5 шаруа қожалығы «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және

жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» бағдарламасы арқылы 29 млн. теңге қаржылай көмек алды, – деді ауыл әкімі.

Малшыбайдың қаладан қашықта орналасқаны белгілі. Ауыл адамдарының құжат рәсімдеу үшін қалаға келіп-кетуі де оңай-ға соқпайды. Алайда, әкім бұл мәселені де оңтайлы шешкен сияқты. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру және электрондық мемлекеттік қызметтерді кеңінен тарату аясында Малшыбай селосының әкімдігінде тұрғындар барлық қажетті жабдықтармен жабдықталған «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарына» келіп, көп қызметті Интернет арқылы алады.

Бүгінде ауыл әркім өз күйін күйтеткен оңаша тірлікпен шектелмей, ортақ іске білек сыбана кірісетін бірлігімен де ерекшеленді. Мәселен былтыр 20 сәуірде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында белгіленген белестердің бірі – «Туған жер» бағдарламасы аясында, Жезқазған қаласының әкімі мен мемлекеттік мекемелері көмегімен, Жезқазған қаласының 65 жылдығына орай шаруа қожалықтары мен ауыл тұрғындарының демеуімен «Сарыкөңгір самалы» атты көктем мерекесі ұйымдастырылған. Ұлытау ауданы, Жезқазған-Сәтбаев қалаларынан қалың жұртшылық жиналған мерекелік іс-шарада ұлттық ойындар дәріп-тегіп, ұлттық спорттың бірнеше түрінен жарыстар ұйымдастырылған.

Ауыл іші де күннен күнге көркейіп, тазалық, абаттандыру мәселелеріне көңіл бөліну-

де. «Жезқазған қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесі бюджетінен Ұлытау, Алаш, Сарыарқа көшелерін жарықтандыруға 9 млн. теңгеге 32 бағана орнатылған. Кіреберістерге жазулар жаңаланып, ауыл орталығына жастарға арналған спорттық тренажерлар орнатылған. Жезқазған ботаникалық бағының көмегімен мектеп ауласына 50 түр ағаш отырғызылыпты.

Село әкімдігі ауыл экономикасының негізін құраушы шаруа қожалықтарын құру мен дамытуға, ауылдағы кәсіпкерлікті ынталандыруға ерекше көңіл бөледі. Бүгінгі күні селолық округте 84 шаруа қожалығы тіркеліп, оның 59-ы жұмыс істеп тұр. Селоньы жалпы жер көлемі 331 128 гектарды құрайды, оның ішінде 169592,9 гектар ауыл шаруашылығына пайдалануда және 405 гектар шабындық. Ауыл негізінен малшаруашылығымен айналысады.

Бытырғы жылмен салыстырғанда мүйізді ірі қара саны 4,16%-ға, қой-ешкі 5,46%-ға, жылқы 5,17%-ға өскен. Түрлі жұқпалы ауруларға қарсы егіп-емдеу, оларды анықтау мақсатында қан алынып, тексеру жұмыстары кесте бойынша жалғасуда.

Ауылдағы №15 орта мектепте бүгінде 35 бала оқып жатыр. Мектепте барлығы 13 мұғалім сабақ береді. Түгелдей компьютерленген мектеп интернет желісіне қосылған. 2019 жылы «Жезқазған қаласының білім бөлімі» ММ-сі арқылы оқушыларының заманауи білім алуы мақсатында жаңа стандартқа



сай биология, химия, технология және робототехника кабинеттерімен жабдықталды. Мектеп жанынан ашылған 15 орындық шағын орталықта мектеп жасына дейінгі 8 бала тәрбиеленуде. Жаз айларында мектепте жазғы демалыс орталығының жұмысы жолға қойылған.

Малшыбайдағы мардымды бастаманың бірі ретінде қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен 18,3 млн.теңге қаржы бөлініп, бос тұрған бір ғимарат күрделі жөндеуден өтіп, клуб ретінде пайдалануға берілгенін айтуға болады. Мұнда қазір ауыл тұрғындары мен мектеп оқушыларына арналған түрлі үйірмелер (домбыра, шахмат, кесте тігу, ән, би), кітапхана жұмыс істеп тұр.

Әлеуметтік салада да ілгерілеу бар. Село әкімі мен оның аппараты өз өкілеттіктеріне сәйкес тұрғындарды әлеуметтік қорғау шараларын жүзеге асыруға, яғни, аз қамтылған отбасылары анықтап, олардың есебін жүргізуге, оларды қолдауға көңіл бөледі. Ауылда жеті алтын, екі күміс алқалы аналар және 73 зейнеткер, әр топтағы 8 мүгедек адам тұрады.

Малшыбай селосында 29 жасқа дейінгі 24 жас тіркелген, олардың 17-і үлкен қалаларда әр түрлі мамандықтар бойынша білім алуа.

Село тұрғындарына ауыз су үздіксіз беріліп тұрады. Қазіргі уақытта ауылда 14 қолонка және 8 өрт сөндіру гидранты жұмыс істеуде, қалалық автокөлік жолдары басқармасы қызмет көрсетуде.

Округ әкімінің қолға алуымен Малшыбай селосының бас жоспарын жасауға Жезқазған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі арқылы 2019 жылы жергілікті бюджеттен 8 млн. 960 мың теңге бөлінді. Бас жоспар көше және үй атауларын ретке келтіру, газ құбырларын келдерсіз жүргізуге ықпал ету, жер телімдерін жеке үй шаруашылығын, биз-

несті дамытуға жеке және заңды тұлғаларға беруге ықпал етеді. Осы уақыт ішінде Малшыбай ауылының оңтайландырылған бас жоспарын егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы және топографиялық түсіріліміне қоғамдық талқылау жүргізілді. Биыл селоньы 5 көшесіне Ұлытау, Сарыарқа, Алаш, Достық, Сарыжайлау атаулары берілді.

2020 жылы ауыл мен қала арасындағы қатынасты жақсарту үшін Сәтбаев қаласы мен Малшыбай аралығындағы жолдың 21-51 шақырымы күрделі жөндеуден өтпек. Ауылға Алтын Орданың 750 жылдығына, Ұлытауда туризмді дамытуға орай атқарылатын іс-шаралардың да шарапаты тиері анық.

Ауыл әкімі сонымен бірге биыл ауыл тұрғындарының демалыс орны ретінде парк құру жұмысы басталғанын жеткізді. Парктің жобалық-сметалық құжаттары дайын, мердігер анықталған соң жұмыс басталмақ.

Кездесуде ауыл әкімі сондай-ақ, ауыл мектебін жабылудан сақтап қалу, шағын кәсіпкерлікті дамыту мақсатында еліміздің онтүстік өңірінен отбасыларды көшіру бағдарламасы бойынша жұмыстар атқарылып жатқанын да айтып өтті. Ауылда бес тұрған үйлер иелерінің келісімімен Түркістан облысынан қоныс аударамын дөушілерге берілетін болып шешілген.

Әкімнің есеп беру кездесуіне жиналған жұртшылық та ауылды көркейту, тұрғындарға жағдай жасау үшін қолдайлау болып отырған жойттерді ортаға салды. Мәселен, шаруашылығын дамытам деген тұрғындардың ауылдағы үйлерін банк кепілдікке алмайтыны біраз шаруаға кедергі болып тұрған сияқты. Тұрғындар әкім жұмысына негізінен оң баға беріп, осыған дейінгі көрсетілген қолдау жалғаса, қолға алынған бастамалар аяқсыз қалмаса екен деген тілектерін жеткізді.

Дархан МҰХАН

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

ӨСУ мен ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫНДА

Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов қалалық қоғамдық кеңес алдында өткен жылы атқарған жұмыстары жөнінде есеп берді.



Қайрат Баяндыұлы есебінде соңғы жылдары қала экономикасында өсім байқалатынын айтып, бірқатар бағыттар бойынша жоғары көрсеткіштерді тізіп өтті.

2018 жылдың деңгейіне қарағанда өнеркәсіп өндірісінің өсуі 60%-ды, негізгі капиталға инвестициялар – 12%-ды, тұрғын үйді іске қосу – 2%-ды, бизнес субъектілерінің саны – 1,5%-ды, экономиканың осы саласында жұмыспен қамтылғандар саны – 3,7%-ды құрады, құрылыс жұмыстары 2 есеге артты.

Қала бюджеті де 1,5 есеге артып, 20,3 млрд.теңгені құрады. Бюджетке түсетін түсімдер 151%-ды құрады, оның ішінде кірістер 13%-ға, нысаналы трансферттердің түсімдері 2 есе, даму бюджеті 3 есе өсті.

Жақында іске қосылған 10 МВТ-тық күн электр стансасы да – осындай игі бастамалардың жемісі. Баламалы энергия көздерін пайдалана отырып экологиялық проблемаларды шешу мүмкіндік беретін бұл станса облыс бойынша ашылған 4 стансаның бірі екенін айта кеткен жөн.

Әкім баяндамасында, сондай-ақ, жақында іске қосылатын гидрметаллургия зауыты, өнеркәсіптік реагент шығаратын химиялық зауыт, құрылыс

материалдары зауыты, биоэлектрстанса құрылысы сынды жобалар да көрініс тапты.

Ауылшаруашылығы саласында да мемлекеттік бағдарламалар тиімді жүзеге асып жатқан көрінеді.

– «Сыбаға» және «Алтын асық» бағдарламалары қаладағы ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілерге үлкен қолдау көрсетуде. Осы бағдарлама аясында олардың 54-і жалпы сомасы 155 млн.теңге субсидия алды.

Шағын және орта бизнес саласында да мемлекеттік бағдарламалар, жеке инвестициялар есебінен жана жобалар жүзеге асуда.

Өлеуметтік салада да ілгерілеу байқалады. Өткен жылы 650 млн.теңгеден астам қаражат 10 мыңнан астам өлеуметтік аз қамтылған, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдауға бағытталған. Былтыр 38 көпбалалы отбасыға пәтер беріліп, қалашілік қоғамдық көлікте 890 көп балалы ана жеңілдікпен жүру мүмкіндігіне ие болды.

Қала басшысының айтуынша, 2019 жылы жеке балабақшалардың есебінде 3-6 жас аралығындағы балалардың балабақша жетіспеушілігі 100 пайыз шешілген көрінеді. Алдағы үш жыл ішінде 1-6 жас аралығындағы балаларды балабақшамен қамту 100 пайыз шешілетін болады.

Білім беру саласында оқу орындарының материалдық базасын нығайту бағытында қыруар жұмыс атқарылған. Бұл бағытта өткен жылы 970 млн.теңге бөлінген. Жыл сайын компьютерлік парк жаңартылуда.

Денсаулық сақтау саласындағы оң өзгерістер де бір төбе. Қаламызда облыстық онкологиялық диспансердің 20 орындық филиалы ашылып, күніне 250 адам қабылдайтын консультативті-диагностика орталығы, медициналық колледждің стоматология орталығы ашылды.

Қаламыздағы «Аурухана қалашығының» жөндеуден өтуі ерекше оқиға деп білеміз. Қалашық аумағында қалалық емхана, наркологиалық диспансер бөлімшесі, ЖИТС-пен күрес орталығы сынды маңызды нысандар орналасқан. Жөндеу барысында сыртқы инженерлік желілер қалпына келтіріліп, қалашық аумағы абаттандырылды.

Былдандыру, тұрғын үй құрылысы, инженерлік коммуникациялар тарту бағытындағы басқа да жұмыстар мен алда атқарылатын жоспарларға тоқталды.



Жағасында. Көпбейінді аурухана бөлімшелерін күрделі жөндеу мен аурухана аумағын абаттандыруға биыл облыстық бюджеттен 330 млн.теңге қарастырылып отыр.

Жыиында сонымен бірге қалалық мәслихат хатшысы Советбек Медебаев сөз алып, мәслихаттың 2019 жылғы жұмысын баяндады.

Советбек Тұрсынұлы өткен жылы қалалық мәслихаттың 11 сессиясы өтіп, онда қаланың және Кеңіргі ауылының бюджеті, аумақтарды дамыту бағдарламасы, білім беру, денсаулық сақтау мәдениет, қоғамдық тәртіп, өлеуметтік қорғау, абаттандыру, көгалдандыру, санитарлық тазалық, автокөлік жолдарының жай-күйі сынды мәселелер қаралғанын, бірнеше мемлекеттік мекеме басшыларының есебі тыңдалғанын, сессияда қаралған барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылданғанын айтты.

Мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстарына облыстық мәслихат депутаттары да қатысатынын айтқан Советбек Медебаев өткен жылы облыстық мәслихат депутаттарымен бірге рейдтер ұйымдастырылғанын, онда қаладағы жөндеу жұмыстарының сапасы, жасыл желіктерді суару, мемлекеттік бағдарламалардың орындалысы бақылауға алынғанын жеткізді.

Отырыс соңында кеңес мүшелері мемлекеттік сатып алулар конкурсы, қаладағы коммуналдық шаруашылық, жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорнын басқаруды қалалық әкімдікке қайтару сынды бірқатар сұрақтар қойып, жауап алды.

Өз тілішіміз

«КСК» БОЛМАЙДЫ:

мамандар тұрғын үйді басқарудың жаңа формасын түсіндірді

2020 жылдан бастап Қазақстанда тұрғын үйді басқарудың нысандары өзгерді. Енді ПИК-ті (КСК) мүлік иелері бірлестігі (МИБ - ОСИ) алмастырады. Яғни көпәтерілі үйдің тұрғындары МИБ арқылы ақшаның қалай жұмсалғанын бақылап, күрделі жөндеуге қаржы жинауға мүмкіндігі бар.

2019 жылдың соңында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғын үй шаруашылық мәселелерін түзету туралы заңға қол қойды. Нәтижесінде тұрғын үйді басқарудың жаңа формасы – «бір үй – бір мүлік иелерінің бірлестігі» механизмі енгізілді. Сондай-ақ, тұрғындар арнайы есепшотқа ақша жинап, екінші деңгейлі банктен күрделі жөндеуге кредит алуға мүмкіндік берілді.

Жаңа заңның нормасы 7 қаңтарда күшіне енді. Бір жылдың ішінде көпәтерілі үйдің тұрғындары кондоминиум нысанын басқарудың жаңа формасын таңдауға міндетті.

Мұндай өзгерістер не үшін қажет болды?

«Қоғамдық қорғаушы» республикалық қоғамдық ұйымның төрағасы Виктор Сыздықов пәтер иелері кооперативінің (ПИК) қызметі тиімсіз болғанын, тұрғын үй шаруашылық мәселелері бойынша халықтан шағым көп түсетіндіктен мемлекет бұл салаға өзгерістер енгізгенін жеткізді.

– Осыған дейін ПИК-тің қарамағында 30-100 үйге дейін болады. Мысалы, Алматыда бір ПИК-те 400 үйдің болғанын туралы дерек бар. Осыған дейін бұл үйдің бәрине ортақ бір ғана есепшот ашылатын. Яғни пәтер иелері ақшаның қалай жұмсалатынын хабарсыз болды. Үкімет осы олқылықтарды ескерді. Себебі, 20 жылдың ішінде халықтан осы мәселеге қатысты көп арыз түсеті. Сондықтан мемлекет «мұны шешу керек» деген тоқтамға келді, – дейді сарапшы.

Оның пікірінше, заңдағы жаңа норма аталған саладағы мәселелерді шешуге септігін тигізеді.

Заңдағы негізгі өзгерістер қандай?

«Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың Қазақстан орталығы» АҚ-ның өкілі Марғұлан Әбдікәрімов жаңа заң бойынша тұрғын үйді басқарудың мынадай нысандарының екі формасы, яғни мүліктің меншік иелері бірлестігі мен көпәтерілі тұрғын үйдің жай серіктестігі (жай серіктестігі) болатынын атап өтті.

– Тұрғындар алдымен жиналыс өткізіп, басқару нысанын бірін таңдайды. Кейін жиналыста тиісті үй кеңесінің мүшелері сайланады. Ол 3 адамнан кем болмауы керек. Кеңес құрылған соң, МИБ төрағасы немесе серіктестік басшысы сайлануы керек. Тиісті шешім қабылданған соң, хаттама толтырылады. Мүлік иелері бірлестігі төрағасы хаттаманы алып, әділет органдарына тіркеледі. Осыдан соң төраға екінші деңгейлі банктен ағымдағы (текущий) және күрделі жөндеуге деп екі есепшот ашады, – дейді ол.

Мамандардың айтуынша, егер тұрғындар жай серіктестік формасын таңдаса, олар бірлесіп шешім қабылдау мен өз міндеттерін орындауға жауапты болады. Сондай-ақ, бірлескен жұмысты үйлестіретін сенімді адамды да сайлап алып, оған сенімхат жазып беруі керек. Кейін сенім білдірілген адам МИБ төрағасы сияқты жұмыс істей алады.

ПИК болмайды

Қазір таңда пәтер иеленушілер кооперативі (ПИК) жұмыс істей беруге құқығы бар. Алайда 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін басқарушы немесе қызмет көрсетуші компаниялар болып қайта құрылуы керек.

– Алдағы кезеңде ПИК немесе КСК мүлдем болмайды. Олар қызметін 3 жыл жүргізе алады. Халық жаңа заңның нормасын түсіну үшін уақыт қажет қой, – дейді «Қоғамдық қорғаушы» республикалық қоғамдық ұйымның төрағасы Виктор Сыздықов.

Осы орайда оның өзін Марғұлан Әбдікәрімов толықтырды.

– Пәтер иелері кооперативі (ПИК) 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін жұмыс істеуге мүмкіндігі бар. Айта кетуі керек, жақсы жұмыс атқарып жатқан ПИК-тер де бар ғой. Алайда заңда көрсетілген уақыттан соң, ПИК-тер басқарушы немесе қызмет көрсетуші компаниялар болып қайта құрылуы шарт. Мұны пәтер иелері жиналыста талқылауы керек, – дейді Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығының өкілі.

Кеңес пен төрағаның міндеттері

Мамандар МИБ тұрғын үйдің пәтер иелерінен құрылса, ал үйдің кеңесі ортақ мүлікті басқару мен күту бойынша пәтер иеленушілер мүддесін қорғайтын жеткізді.

Үй кеңесі мынадай функцияларды атқарады:

- жиналыс мұндай өкілеттігерді үй кеңесіне берген жағдайда кондоминиум объектісін басқару нысанын таңдауы және ауыстыруды;
– көпәтерілі тұрғын үйді басқарушыны немесе басқарушы компанияны таңдау туралы, бір күнтізбелік жыл мерзімге кондоминиум объектісін басқару бойынша қызметтер көрсету туралы шарт жасасу туралы, сондай-ақ, оны өзгерту немесе бұзу туралы, жиналыс мұндай өкілеттігерді үй кеңесіне берген жағдайда, шешім қабылдауды;

- мүліктің меншік иелері бірлестігінің, жай серіктестігінің, көпәтерілі тұрғын үйді басқарушының немесе басқарушы компанияның қызметін үйлестіруді және кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі ай сайынғы және жылдық есептерді қарауды;
– жиналыстың бекітуіне ұсыну үшін кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі жылдық есепті қарауды;
– жиналыстың немесе жиналыстың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жазбаша сауалнаманы жүргізуді ұйымдастыруды, жиналыстар хаттамаларын және дауыс беру парақтарын ресімдеуді.

– МИБ төрағасы көпәтерілі тұрғын үйдің тәртіпкерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің жиналысы кезінде сайланады. Оның жалақысы төменгі жалақы мөлшерінен кем болмауы керек. Бұл мәселе тұрғындардың жиналыста шешілуі шарт. Сондай-ақ, төраға банктен есепшот ашып, мердігерлермен келісім-шартты ресімдейді. Көрсетілетін қызметтің сапасын қадағалайды, әрі тұрғындардың жиналыста қабылдаған шешімдерін орындайды, – дейді Марғұлан Әбдікәрімов.

Күрделі жөндеуге ақша қалай жиналады?

Виктор Сыздықовтың айтуынша, көпәтерілі тұрғын үйді жөндеу үшін екінші деңгейлі банктен жинақ есепшоты ашылады.

– Осыған дейін күрделі жөндеу жүргізу үшін ай сайын үйдің 1 шаршы метріне 50 теңгеден жиналды. Бірақ, бұл қаржы дұрыс жиналмайтын. Мұны үкімет ескеріп, оның мөлшерін 0,005 АЕК-ке дейін яғни 13,25 теңгеге дейін азайтты, – дейді қоғамдық ұйымның төрағасы.

Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығының өкілі Марғұлан Әбдікәрімов үйді күрделі жөндеуден өткізу үшін банктен несиелену алуға мүмкіндік қарастырылғанын жеткізді. Бірақ, оның арнайы талабы бар.

– Жаңа заңның нормасына сәйкес, тұрғындар МИБ арқылы банктегі екі есепшотқа ағымдағы және күрделі жөндеуге ақша аудару қажет. Күрделі жөндеуге орташа есеппен 10-15 миллион теңге жұмсалынады. Мысалы, жөндеу жұмыстарына 10 миллион теңге қажет болды дейік. Онда 5 миллион теңге бірлестіктің есепшотында жиналуы қажет. Ал, қалған 5 миллион теңгені екінші деңгейлі банктен несиелену алуға мүмкіндік бар, – деді маман.

Бірақ, ол бұл мәселе үйдің жиналысында міндетті түрде талқыланып, хаттама толтырылуы қажет екенін жеткізді.

Болжаланбаған шығындарға тұрғындар ақша жинамай ма?

Марғұлан Әбдікәрімов бұл мәселені шешу үшін заңда жаңа термин енгізілгенін атап өтті. – Мұндай түсінік ескі заңда болмаған. Жаңа заңның аясында біз «нысаналы жарна» немесе «целевой взнос» деген терминді енгіздік. Ол үйді күтіп ұстау үшін бір жылға шығыстар сметасы дайындалады. Сметаға кірмеген жұмыстар болса, заңда «нысаналы жарнаны» жинауға мүмкіндік бар деп белгіледік. Өрине, бұл мәселе жиналыста талқыланып, пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің жалпы санының үштен екісінен астамы болған кезде шешім қабылдайды. Өрине, бұл факт хаттамаға тіркелуі қажет. Осыдан соң ғана тұрғындардан нысаналы жарна жиналады, – деп түйінделді сөзін өкіл.

Дереккөз: Tengrinews.kz

Қариялық кезеңді бейнетінің зейнетін көріп, бала-шағаның ортасында шат-шадьяман күйде өткізгенге не жетсін. Бірақ, бұл – кез келген жаңа бұйыра бермейтін бақыт. Қартаң тартқан шағында перзентінен жырақта қалып, жападан-жалғыз күн өткізіп жатқан ата-әжелер қаншама?! Міне, осындай жалғызбасты қарияларға бас-көз болып, қамқорлық таныту, олардың көңілдерін аулап, көмек көрсетуді басты міндет санайды «Жүрек» отбасылық дөрігерлік орталығының жанынан құрылған «Алтын жүрек» волонтерлік клубының мүшелері. Клуб жұмысымен кеңірек таныспақ мақсатта оның жетекшісі Боранкүл Исаева бастап келген волонтерлармен әңгілескен едік.

ЖӘРДЕМДЕСУДЕН ЖАЛЫҚПАҒАН



Жезқазған қаласында алғашқы болып құрылған волонтерлік клубтардың бірі – сіздер екенсіздер. «Алтын жүрек» қалай құрылған еді?

– Мен «Жүрек» отбасылық-дөрігерлік амбулаториясында жұмыс істеймін. Кез келген ОДА медициналық көмекпен қатар әлеуметтік-психологиялық қызметті де ұсына білуі керек. Осы мақсатта өз волонтерларымызды шығарғамыз келді. Соған орай, 2017 жылы 4 сәуірде сол кездегі Жезқазған жоғарғы медициналық колледжінің директоры Ләззат Ранова мен «Жүрек» ОДА-ның басшысы Валентина Киязованың өзара әріптестік орнатуымен «Алтын жүрек» волонтерлік клубы құрылды. Алғашында шағын санды колледж жастарынан құралған клубтың уақыт өте қурамы да кеңейе бастады. Алдымен, «Жүрек» ОДА бақылау жасайтын қала бөлімшелеріне мүше, көмекке әрәу қариялар саны анықталды. Одан кейін мен волонтерлікке ниетті он студентті ертін алып, патронаждықпен, яғни, үй-үйді аралап, олардың хал-жағдайларын білумен айналыстым. Біз олардың үйлеріне барған сәтте аса ауыр халде өмір сүріп жатқандары да бар-тұғын. Жалғыздықта құмыр кешіп жатқан қариялардың жағдайларына күз болған жастардың одан сайын оларға көмек көрсетуге деген құштарлықтары арту түсті.

Үй жылы ішінде атқарылаған жұмыстармен таныстыра өтсеңіз

– Біздің көмегімізге жүгінетін қариялар саны өте көп. Бір өтпеген-айы біз тек «Жүрек» ОДА қарамағына кіретін он бір бөлімшенің ғана тұрғындарына қызмет көрсетеміз. Себебі, қаладағы барлық жалғызбасты қарт кісілерге қол ұшын созу мүмкін емес. Осынау үш жыл ішінде көптеген қайырымдылық шараларының ұйтықсыз болды. Біздің арқамыз да қазір қариялар үйлеріне дәрігер шақырып немесе ауруханаға барып әуре болмайды. Біздің волонтерлер олардың қан қызымын өлшейді, ауырса дәрі-дәрмегін береді. Олардың үйін жинап, тамақтарын да әзірлейді. Міне, нағыз жанашырлық осы емес пе?! Өрбір мереке сайын біздің балалар оларға мерекелік концерт дайындап, дастарқан жаяды. Қазіргі таңда амбулатория қарамағында 3 Ұлы Отан соғысының, 29 тыл ардагері, 349 жалғызбасты қарт бар. Олардың ішінде мүдде жүріп-тұра

алмай, төсек тартып қалғандары өте көп. Біз оларға барыныша көмек көрсетуге тырысамыз.

Күрметті волонтер жастар, сіздердің волонтерлікпен айналысуларыңызға не түрткі болды?

Самал Шаяхмет: – Қазіргі таңда біз Жезқазған медициналық жоғарғы колледжінің ІІ курсында білім алып жатырмыз. «Алтын жүрек» волонтерлік клубында бүгінде жиырма бір волонтер бар. Олардың барлығы дерлік оқуда да, күнделікті өмірде де, сонымен қатар, түрлі қоғамдық шараларда да өте белсенді жастар. Біз жыл сайын оқудың соңында біздің клубқа мүше ІV курс студенттерін түрлі мерекелік ІV-шаралар ұйымдастырып шығарып саламыз. Біздің колледж қабырғасында жүріп сапалы білім мен волонтерлікті қатар алып жүрген, қазірде еліміздің белгілі медициналық жоғары оқу орындарында білімдерін жалғастырып жатқан Дос Асанов, Мөддір Фазыл сынды аға-оскерлеріміздің есімдерін мақтанышпен айтуға болады. Олар бізге әрдайым хабарласып: «Волонтерлік істеріңдеріңді қол ұзберген. Бұл іс жастарды мейірімділікке тәрбиелеумен қатар өзгелерден ерекше ойлап, ой қорытуға үйретеді және кез келген ортаға тез сіңісіп кетуге мол әсерін тигізеді» деп айтып отырады. Біздің жетекшілер мен мұғалімдер оларға клубтың арнайы сертификатты таныстырайды. Ал келесі жылы жаңа оқу жылының басында колледжге түскен І курс студенттері арасынан жана волонтер жастарды іріктейміз.

Дана Мырзамсейітова: – Шыны керек жаңа оқу жылының басында волонтерлікке ниетті жастар саны өте көп болды. Бірақ, жыл соңына дейін олардың қарасы азая бастайды. Сонында шын ниетті жастар ғана қалады. Біз бұған үйренісіп қалғанбыз. Басында өз еріктерімен ниет білдіріп келгендерімен, уақыт өте біздің клубтың негізгі жұмыс істеу бағыты, барысымен таныса келе олар бас тартады. «Мен біреудің үйін жинағым келмейді. Маған бұндай істер ұнамайды» деп ат тонын ала қашағындар да аз емес. Біз оларға да түсіністікпен қарауға тырысамыз. Шынында, әркімнің таңдауы әр түрлі ғой. Бірақ, бізбен соңына дейін бірге болатын достарымыз көп. Олар қарияларға қол ұшын беруден танған емес. Біз қазір бір үйдің балаларындаймыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен биылғы волонтерлер жылында волонтерлерге қолдау көрсету мақсатында «Әлеуметтік студенттік ваучер» жобасы іске қосылды. Соған сай, студенттер жиырма сағат волонтерлік айналысса 20 000 теңге, елу сағат айналысса 50 000 теңге көлемінде сыйақы алу мүмкіндігіне ие болып отыр. Аталмыш жоба аясында алғашқы болып қарғаоблылық Қарағанды мемлекеттік индустри-

Жалғыз университетің студенттері сыйақыға ие болды. Осы тұрғыдан сіздердің де алып-қосарларыңыз, ұсыныс-пікірлеріңіз бар ма?

Мөддір Әбенова: – Өрине, қай жерде болсын шынайы, адал еңбектің бағаланғаны дұрыс-ақ. Өткенде, жезқазғандық барлық волонтерлік ұйымдар бас қосып, қала әкімі Қайрат Бегімовпен кездесу барысында жастардың көбі: «Биыл бізге еңбегіміз үшін ақша төлене ме?» деген сұрақты көтерді. Мен және барлық «Алтын жүректіктер» бұған қарсымыз. Волонтерліктің түп төркінінің өзі шын ниетімен, өз еркімен көмектесу дегеннен туындайды ғой. Волонтер дегеніміз – еңбегіне ақы сурамайтын адам. Біздің волонтерлік клуб жалғызбасты, қараусыз қалған қарттарға көмек көрсетеді. Біз, осынау ата-әжелерімізге шын жүреппен жанашырлық танытамыз. Шынында, бізге үлкендердің алғысынан өзге ақы қажет емес.

Боранкүл ханым, болашақтағы жоспарларыңызбен бөлісе отырыңыз.

– Болашақта атқарар істер көп. Бірақ, негізгі бағытымыздың айнымайды. Көмекке мұқтаж қарияларға қол ұшын созудан жалықпаймыз. Өткенде, Жастар ресурстық орталығының директоры Ботақоз Мұхитденқызына осы жылғы 5 желтоқсандағы дүниежүзілік волонтерлер күнін барша волонтерлік клубтармен бірлесіп атап өтейік деп ұсыныс білдірдім. Ол бірден қолдады.

Өздеріңізге белгілі, алда 8 наурыз, 22 наурыз, 9 мамыр, медицина қызметкерлері күні келе жатыр. Бұл мерекелердің қай-қайсысында да біздің балалар концерттік бағдарлама әзірлеп, қарияларға сый-тартуларын ұсынады. Бұрынғы демалушылар көмегіне жиі жүгінетініміз. Қазір барлығын өзіміз ұйымдастырамыз. Жақында «ҚазТрансОйл» компаниясының өкілдері хабарласып, біздің жұмыстарымызға демалушылық жасауға ниет білдірді. Бұл – өте қуанышты жағдай. Осы уақытқа дейін көп іс-шараларда қолдау танытып жүрген «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженоваға алғысымыз шексіз. Ол кісінің көмегімен бізде көлік мәселесі қиындық тудырған емес. Сондай-ақ, ол тек қарияларға ғана емес, біздің волонтерлерге де қолдау танытып отырады. Мысалы, соның бір парасы – былтыр волонтерларымыз қасиетті Ұлытау өңіріне саяхаттап қайтты. Алдағы уақытта Теректі әулие петроглифтеріне де бармақ ниетіміз бар. Талапты да жалынды жастарымыз «Алтын жүректің» мерейін одан сайын артып, көп адамға көмегін тигізетініне сенімдіміз.

Әңгімелеріңізге рақмет. Істемізге сәттілік тілейміз.

Әңгімелескен Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН



ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ ХАБАРЛАЙДЫ

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҒЫҢЫЗДЫ УАҚЫТЫЛЫ ТІРКЕТИҢІЗ

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 118-бабына сәйкес, жылжымайтын мүлікке құқықтар (құқықтар ауыртпалықтары) мемлекеттік тіркелген кезден бастап туындайды, өзгереді және тоқтатылады.

Ал, Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес, жеке және заңды тұлғалар құқық (құқық ауыртпалығы) туындауы үшін заңдық факт басталған, оның ішінде шартты нотариал куәландырылған, сот шешімі күшіне енген, өзге де құқық белгілеуші құжаттар берілген сәттен бастап алты айдан кешіктірмей мемлекеттік тіркеу туралы өтінішпен жүгінуге тиіс.

Меншік құқығы уақытылы тіркелмеген жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 460-бабына сәйкес, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуге құжаттарды берудің Заңда белгіленген мерзімін бұзуы – ескерту жасауға әкеп соғады.

Сондай-ақ, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайтадан жасалған дәл сол әрекет – жеке тұлғаларға 10, заңды тұлғаларға 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Кодекстің 811-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібі қарастырылған. Яғни тұлға айыппұлды жеті тәулік ішінде төлеген жағдайда, көрсетілген айыппұл сомасының елу пайыз мөлшерін төлейді.

Қазақстан Республикасының 24 мамыр 2018 жылғы «Қазақстан Республикасының

кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына сәйкес, жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу функциялары Әділет органдарынан «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына берілді.

2018 жылдың 30 шілдесінен бастап жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеуді, құжаттың телнұсқасын және тіркеу ісі құжаттарының көшірмелерін беруді, жылжымайтын мүлік туралы барлық анықтамаларды беруді, сондай-ақ, мемлекеттік және уәкілетті органдарға құқықтық кадастрдан ақпараттар ұсынуды «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы жүзеге асырады.

Осыған орай, Заңның 18-2-бабына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың Заңда белгіленген мерзімдерді бұзу фактілерін анықтау және әділет органдарын бұл жөнінде мемлекеттік тіркеу жүргізілетін кезге дейін хабардар ету Мемлекеттік корпорацияның қузыретіне берілді.

Мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру мерзімін бұзу фактісі анықталған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның инспекторлары құжаттардың көшірмелерімен бірге өтініш келіп түскен күннен кейінгі күннен кешіктірмей әділет органдарына жібереді. Ал, әділет органдары әкімшілік рәсімдерді

жүргізіп, әкімшілік жаза қолдану үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Күнделікті тәжірибеден көріп отырғанымыздай, азаматтар көп жағдайда тиісті мүліктің заңнамаға сәйкес тіркелмегендігін мұрагерлік құқықты рәсімдеу кезінде немесе мүлікті сату, кепілге қою арқылы несие алу кезінде анықталады. Яғни, азаматтар жылжымайтын мүлікке құқық белгілеуші құжаттары болғанымен, бірнеше жылдар бойы өз меншігіне тіркеуші органға жүгінбей жүре береді. Тек қажеттілік туындаған жағдайда ғана тіркеуші органға жүгініп, тіпті кей жағдайлар негізсіз арыз-шағымдардың туындауына әкеледі.

Өз кезегінде Электронды Үкімет порталы немесе Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы азаматтар негізіндегі жылжымайтын мүліктердің мемлекеттік тіркеуден өткендігі жөнінде анықтамаларға тапсырыс беру мүмкіндігі қарастырылған.

Осы орайда, Жезқазған қаласының әділет басқармасы барлық қала тұрғындарын тиісті жылжымайтын мүліктің мемлекеттік тіркелгенін тексеріп, қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес рәсімдеуге шақырады.

Уақытылы рәсімделген жылжымайтын мүлік уақытыңыз бен қаражатыңызды үнемдейтінін ескеріңіз!

Жанар ЖОЛДАСОВА, Жезқазған қаласы әділет басқармасының бас маманы

2013 жылдан бастап заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелуді онлайн режимінде жүргізеді. Барлық тіркеу процесстерін онлайландырылғаннан бері және онлайн форматтың ауысқан соң, қызмет кіші және орта кәсіпкерлік субъектісіне бір жұмыс күннің ішінде тегін жасалады.



ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ «Egov» АРҚЫЛЫ ТІРКЕУ

Аталған қызметті алу үшін ЭЦҚ (электронды-цифрлық қолтаңба) және порталға тіркелу қажет. Ары қарай «Бизнес» бөлімін тандап «Тіркеу және бизнестің дамуы» – «Бизнесті тіркеу» – «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)», филиалдар мен өкілдіктерін есептік тіркеу» қызметі осы ретпен табуға болады. Қызметтің сипаттамасымен танысқан соң «онлайн қызметіне тапсырыс беру» түймешігіне басып тіркеудің түрін тандап, деректерді толтыру қажет.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

1. Ұйымның атауы және ұйымның құқықтық нысаны; Қазіргі уақытта ұйымның формасының түрі «Заңды тұлға» деген ғана тандау бар. «Филиал» және «Өкілдіктер» деген нысан нұсқалары дерек қорларына әлі енгізілмеген.

Тіркеу түрін тандап «Ары қарай» деген түймешігін басқаннан соң, екінші қызмет түрі шығады, ол деректер толтыру үшін қажет. Шартты түрде бет парағын бірнеше блокқа бөлуге болады:

БЖЗК ЖАУАП БЕРЕДІ

МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ЗЕЙНЕТКЕРЛІККЕ ШЫҒУ ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ?



1. Биыл 25 ақпанда менің анам 59 жасқа толады. Ол зейнеткерлікке шығуға дайындалып жатыр. Бұл үшін құжаттарды қайда тапсыру керек?

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес зейнет жасына толған азаматтар, олардың ішінде биыл 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап 59,5 жасқа толған әйелдер Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (БЖЗК) міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы төлемдерін алуға құқылы. Осылайша Сіздің анаңыз 59,5 жасқа толуға 10 күн қалғанда, яғни ағымдағы жылдың 15 тамызында зейнетақы төлемдерін алуға өтініш бере алады. Алайда есіңізде болсын, зейнетақыны 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейін рәсімдеу керек. Егер анаңыз одан кешіктірсе өтініші 2021 жылғы 60 жасқа толғанда беруге тура келеді.

Зейнетақы алу құқығына не болған азаматтар зейнетақы төлемдерін рәсімдеу бойынша бірыңғай өтініш пен құжаттар топтамасын тек бір жерге – «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚО) тапсырады. Әрі қарай Қор төлемдері мен бюджет есебінен берілетін зейнетақылар (ортақ және базалық зейнетақы) кесте бойынша алушының өтінішінде көрсетілген банк шотына ай сайын бір мезгілде аударылып отырады. Бұл ретте алушыға мемлекеттік кепілдік бойынша айырма сомасын (инфляция деңгейін ескере отырып, зейнетақы жинақтары мен нақты енгізілген МЗЖ, МКЗЖ сомасы арасындағы айырма) төлеуге қатысты алдын алу қызметі көрсетіледі. Яғни, бұл үшін бөлек өтініш берудің қажеті жоқ.

Қордан алғашқы төлемдер зейнет жасына толған алушының банк шотына оның өтініші Мемлекеттік корпорацияға тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде немесе Қордан зейнетақы төлемдерін алу құқығы туындаған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Әрі қарай Қор төлемдері мен бюджет есебінен берілетін зейнетақылар арнайы кесте бойынша алушының өтінішінде көрсетілген банк шотына ай сайын бір мезгілде аударылып отырады.

Зейнетақының рәсімдеу үшін ХҚО-ға мынадай құжаттарды тапсыру қажет:

- жеке басты куәландыратын құжат; банк шотының нөмірі; жұмыс орнынан айлық табыстар және міндетті зейнетақы жарналары туралы анықтама; еңбек кітапшасы; білімі туралы диплом; әскери билет (қорғаныс істері бойынша жергілікті басқармадан); неке туралы куәлік; балалардың туу туралы куәліктері. Туу туралы куәлік жоқ болса, актілік жазбадан үзінді-көшірмені немесе азаматтық хал актісін тіркеу туралы анықтаманы әкелуге болады. Толық ақпаратты Мемлекеттік корпорацияның egov.kz сайтынан немесе ХҚО-ның жергілікті филиалдарының бірінен біле аласыз.

2. Қайырлы күн! Мен 25 жыл бойы кенші болып еңбек еттім. 55 жасымда зейнеткерлікке шықсам деп едім. Аннуитетті пайдалана отырып, мерзімінен бұрын зейнетке шығудың жолын айтып берсеңіз екен.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 59-бабына сәйкес 55 жасқа толған ерлер, биыл 51,5 жасқа толған әйелдер және өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары кемінде күнтізбелік 60 ай (5 жыл) төленген 50 жасқа толған адамдар (ерлер мен әйелдер) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы жинақтарын өздері таңдаған сәттен бастап ұйымына аудару арқылы мерзімінен бұрын алуға құқылы. Бірақ бұл үшін Қордағы жинақ ақша ай сайын кемінде ең төмен зейнетақы мөлшерінде зейнетақы төлеп тұруға жеткілікті болуы тиіс. Бұл ретте зейнетақы аннуитеті шарты әйелдер: 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 50,5 жасқа; 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 51 жасқа; 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 51,5 жасқа; 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 52 жасқа; 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 52,5 жасқа; 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 53 жасқа; 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 53,5 жасқа; 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 54 жасқа; 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 54,5 жасқа; 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап – 55 жасқа толғанда жүргізіледі.

Зейнетақы аннуитеті шартын жасасу мақсатында жеткілікті зейнетақы жинақтарын есептеу үшін біздің сайттағы «Зейнетақы калькуляторын» пайдалануыңызға болады.

Зейнетақы жинақтарын БЖЗК-дан сактандыру ұйымдарына аудару салымшының Қор кеңсесіне тікелей өзі келуі немесе сенім білдірілген тұлға арқылы (бұл жағдайда сенім білдірілген тұлға құжаттарды Қор кеңсесіне тікелей өзі әкелуі тиіс) жүзеге асырылады. Құжаттардың тізімі Қор сайтында «Қызметтер»-«Салымшылар»-«Зейнетақы жинақтары сактандыру ұйымына қалай аударылады» бөлімінде орналасқан.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры құжаттарды алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде алушының зейнетақы жинақтарын сактандыру ұйымына аударылады.

3. Саламатсыз ба, бұдан екі жыл бұрын жұбайым екеуіміз ұлымыздың неке тойына деп банктен несие алған едік. Алайда қазір қаржы жағынан қиналып отырмыз. Сұрайын дегенім, БЖЗК-дағы жинақтарымыздың бір бөлігін несиеміз өтеуге пайдалансақ болады ма?

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын несиеміз өтеуге пайдалану мүмкін емес. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес жеке тұлғалардың зейнетақы активтеріне деген құқығы заттық құқық санатына жатады және Заңда белгіленген мақсатқа ғана, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға қолданылуы мүмкін.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес БЖЗК-дан берілетін зейнетақы төлемдері зейнет жасына толған азаматтарға (ерлерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге биыл 59,5 жасқа толғанда) төленеді.

Оларға қоша мүгедектігі бар жандар I немесе II топтағы мүгедектігінің мерзімсіз, яғни, өмір бойына тағайындалу уақытына қарай Қордағы жинақтары есебінен зейнетақы төлемдерін ала алады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен, кету дегенін растайтын құжаттар ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарын толық көлемде алуға құқығы бар.

Әйелдерге жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау: 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 58,5 жасқа толғанда; 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59 жасқа толғанда; 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап – 59,5 жасқа толғанда; 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жасқа толғанда; 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60,5 жасқа толғанда; 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61 жасқа толғанда; 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – 61,5 жасқа толғанда; 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жасқа толғанда; 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62,5 жасқа толғанда; 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда жүргізіледі.

Заңға сәйкес Қордағы зейнетақы жинақтарын сактандыру ұйымдары арқылы мерзімінен бұрын алуға мүмкіндік бар. Яғни, 55 жасқа толған ерлер, биыл 51,5 жасқа толған әйелдер және өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары кемінде күнтізбелік 60 ай (5 жыл) төленген 50 жасқа толған адамдар (ерлер мен әйелдер) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы жинақтарын өздері таңдаған сәттен бастап ұйымына аудару арқылы мерзімінен бұрын алуға құқылы. Бірақ бұл үшін Қордағы жинақ ақша ай сайын кемінде ең төмен зейнетақы мөлшерінде (2020 жылы ол – 38 636 теңге) зейнетақы төлеп тұруға жеткілікті болуы тиіс.

4. Қайырлы күн, мен зейнетақы шотымнан үзінді көшірмені БЖЗК сайтының жеке кабинетінен алып тұратынмын. Бірақ, соңғы бірнеше айда жеке кабинетке кірмеген соң, паролімді ұмытып қалдым. Не істеймін, тағы да Қордың бөлімшесіне баруым керек пе?

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының www.enpf.kz сайтының «Жеке кабинет» бөліміне кіру үшін жеке сәйкестендіру нөмірі мен құпиясөз (пароль) керек. Егер пароліңізді ұмытып қалсаңыз, онда қайта тіркеуден өтуіңіз қажет болады. Бұл үшін Қор сайтының «Жеке кабинет» бөліміне кіріп, «Пароль ауыстыру» батырмасын басып, барлық жолақтарды толтырыңыз. Сөйтіп, Қордың дерекқорында тіркелген электрондық мекенжайыңызды немесе ұялы телефоныңызды көрсетіп, «Жіберу» түймешігін басыңыз.

Енгізілген деректер жеке зейнетақы шотын ашу жөніндегі өтініште немесе хабарлау тәсілін өзгерту (белгілеу) туралы келісімде көрсетілген деректермен сәйкес болуы керектігін ұмытпаған жөн. Сондықтан Қорға тек маңызды және дұрыс деректерді ұсыну қажет. Көрсетілген электрондық

10.02.2020

QAZAQSTAN 06:05 «Masele», 06:35 «Құрбылар», 07:00 «TANSHOLPAN»...

АСТАНА 06:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «Күлдірген», 07:00 «Үздік әзілдер»...

«ОТРАЖЕНИЕ РАДУГИ», 01.20 «МУҢАЙМА, НЕФИСЕ», 02.20 «КАРА ТЕНІЗ»...

Информбюро. 21:00 «Қара маржан», 22:00 «What's Up?»...

11.02.2020

QAZAQSTAN 06:05 AQPAPAT. 06:35 «Құрбылар», 07:00 «TANSHOLPAN»...

АСТАНА 06:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «Күлдірген», 07:00 «Үздік әзілдер»...

01.20 «МУҢАЙМА, НЕФИСЕ», 02.20 «КАРА ТЕНІЗ», 03.25-04.10 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»...

Информбюро. 21:00 «Қара маржан», 22:00 «What's Up?»...

12.02.2020

QAZAQSTAN 06:05 AQPAPAT. 06:35 «Құрбылар», 07:00 «TANSHOLPAN»...

«Төрлетіңіз». 06:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «Күлдірген», 07:00 «Үздік әзілдер»...

«МЕЛЬНИК», 23.30 «ОТРАЖЕНИЕ РАДУГИ», 01.20 «МУҢАЙМА, НЕФИСЕ»...

20:00 Информбюро. 21:00 «Қара маржан», 22:00 «What's Up?»...

13.02.2020

QAZAQSTAN 06:05 AQPAPAT. 06:35 «Құрбылар», 07:00 «TANSHOLPAN»...

«Абдулхамид хан». 00:50 «Төрлетіңіз». 06:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «Күлдірген»...

21:40 «МЕЛЬНИК», 23.30 «ОТРАЖЕНИЕ РАДУГИ», 01.20 «МУҢАЙМА, НЕФИСЕ»...

«Улетный экипаж». 20:00 Информбюро. 21:00 «Қара маржан», 22:00 «What's Up?»...

14.02.2020

QAZAQSTAN 06:05 AQPAPAT. 06:35 «Құрбылар», 07:00 «TANSHOLPAN»...

«Абдулхамид хан». 00:50 «Төрлетіңіз». 06:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «Күлдірген»...

НОВОСТИ. 21.40 «ОДИНОЧКА», 01.10 «МУҢАЙМА, НЕФИСЕ», 02.00 «КАРА ТЕНІЗ»...

Федя». 17:30 «Сеня-Федя», 18:00 «Улетный экипаж», 20:00 Информбюро...

15.02.2020

QAZAQSTAN 06:05 AQPAPAT. 06:35 «Құрбылар», 07:00 «TANSHOLPAN»...

06:00 «Тамаша», 07:15 «Юбилейный концерт Сосо Павлиашвили»...

«ШАНШАР», 18.30 САЗГЕР КЕНЖЕБАЙ ОМАРОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ...

08:00 «Дидар», 08.30 «Гороскоп», 08.35 «Таңғы шоу», 10.00 «Дидар»...

16.02.2020

QAZAQSTAN 06:05 «Qyzzq жеп...», 07:00 «Сәлем, Қазақстан!»...

неделі», 23:15 «Қызық times», 00:30 «Черный список»...

ВСЛЕПТУЮ», 01.15 «ЖОЛЫ БОЛҒЫШ ШИПТЕР», 02.30 «КТК-да КАБАТОВ»...

08:00 «Дидар», 08.30 «Гороскоп», 08.35 «Таңғы шоу», 10.00 «Дидар»...

06:00 «Тамаша», 07:45 «Мәңгілік ел - мұратымыз»...

07:05 «КТК-да КАБАТОВ», 08.10 «КОНЦЕРТ», 09.00 «ОДИНОЧКА»...

06:00 «Қыздар арасында», 06.50 «Қурдақ», 07.30 «Ү-гулет»...

08:00 «Дидар», 08.30 «Гороскоп», 08.05 Документальний фильм 09.00 «Панорама недели»...

БСН 050340007333, ЖСК KZ09856000005225027, БСК КСВКЗКХ «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС. Мешік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектүлі серіктестігі. Бас редактор міндетін атқарушы Диана ОРАЗАЛИНА. Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарту бөлімі: 77-50-25.

«ОТАН» (ДОСААФ) АВТОМЕКТЕБІ «В», «В-дан С1-ге», «С1», «С», «СВ1», «Д1», «Д», «Е» категориялы жүргізушілер, «АВ1», «СВ1», «БД» категориялы тракторист-машинист курстары. Жезқазған қаласы, Гоголь көшесі, 13. Телефон: 76 44 10, 76 08 61, 87772785577, 87051699920.

БЖЗҚ-да АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ 400 МЫҢҒА ЖУЫҚ ШОТ АШЫЛДЫ



Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында жеке зейнетақы шотын ашу рәсімін оңайлатылғанына бір жыл болды. 2019 жылдың 8 қаңтарынан бастап, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңына сәйкес жеке тұлғаға міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) бойынша жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу үшін БЖЗҚ-ның жергілікті кеңесіне келудің қажеті жоқ. Алғашқы жарна келіп түскен сәтте, шот автоматты түрде ашылады. Бұл ретте жеке тұлғаның аты-жөні, басқа да жеке деректемелері жарнаға қатысты төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер (тегі, аты, әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, туған күні) бойынша расталады. Ал жеке тұлғаның жеке басын қуаландыратын құжаттың деректемелері бойынша қажетті мәліметтерді Қор мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алады. Осылайша 2019 жылы Қорда МЗЖ бойынша автоматты түрде барлығы 398 376 шот ашылды.

Автоматты түрде ашылған жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат салымшыға Қор кеңесіне тікелей келген кезінде хабардар етіледі. Алайда зейнетақы шотынан ақпарат алудың ыңғайлы тәсілін таңдасаңыз, Қор сайтының жеке кабинетіне тіркеліп, зейнетақы жинақтарыңыздың жай-күйін Қор сайты немесе мобильді қосымшасы арқылы кез келген уақытта бақылай аласыз. Сонымен қатар жеке кабинетте зейнетақы шоты бойынша үзінді көшірмені алып, одан зейнетақы активтері бойынша ағымдағы көрсеткіштерді, шарттардың деректемелерін және басқа да ақпараттарды қорық боларсыз. Жеке кабинетке қоғ жеткізу үшін БЖЗҚ кеңесіне немесе «Қазпошта» АҚ бөлімшесінің трансфер-агентіне жүгініп, шоттан ақпарат алу тәсілін өзгертуге өтініш беруі қажет. Ақпарат алудың электрондық тәсілін таңдаған соң, Қор қызметкері епр.кз сайты және мобильді қосымша арқылы жеке кабинетке тіркелуге көмектеседі. Егер электрондық шифрлық қолтаңбаңыз бар болса, Қор сайтының жеке кабинетінде ақпарат алу тәсілін дербес түрде өзгерте аласыз.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

АЛҒЫСҚА БӨЛЕНДІ

Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің жастар ресурстық орталығы ұйытқы болуымен республикалық «Ардағым-ардагерім!» атты акциясы жалғасуда.



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылдың 26 тамызындағы №135 Жарлығымен 2020 жыл Волонтерлер жылы деп жарияланған болатын. Еліміздегі қоғамдық келісім және жалпұлттық бірлік саясатын жүзеге асыруда Жезқазған қаласының жастары яғни волонтерлері ерікті түрде тұлға және еңбек ардагерлері мен жалғызбалды қарияларға көмек қолын созуда. Соңғы аталғарда республикамызда қар молшері шамадан тыс жауғаны белгілі. Үй ауалары мен көшелерді басқан қар жүргініштердің жүріп-тұруына қиындық туғызғанын көрген қаламыздың ерікті жастары қолдарына құректерін алып, қайырымдылық шараларына белсенді кірісіп кетті. Сондай белсенді жастардың қатарында Жезқазған бизнес және қолк келлді, Жезқазған политехникалық колледжі және «Бірлік» еріктілер ұйымының белсенділері бар. Олар карт кісілердің үйлерінің ауаларын қалың қардан тазартып, ардагерлерден алғыс алды.

Ізтелеу БЕКЕНҮЛЫ

ҚҰРМЕТТІ ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚТАР!

Жезқазған қаласының әкімдігі Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс Күнінің 75 жылдығын мерекелеу аясында Жезқазған өңірінің Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, ардагерлеріне, Республика аумағынан тыс жерлерде қаза тапқан немесе хабар-ошарсыз кеткендерге арналған «Ұлы ерлікке тағзым» атты көрмесін ұйымдастырады. Осыған байланысты, көрмеге материалдар (фотосуреттер мен құжаттар) ұсыну туралы өтінішімізге қолдау көрсетулеріңізді сұраймыз. Өтінімдер ағымдағы жылдың Жезқазған тарихи-археологиялық музейінде 1 сәуіріне дейін қабылданады. Мекенжайы: Алашахан даңғылы 22, телефон: 73-77-53.

ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!


Соттардың ашықтығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында, 10 ақпан күні сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін Жезқазған қалалық сотында «Ашық есік күні» өткізіледі. Осыған байланысты ағалар іс-шарға белсене түрде қатыса отырып, өздеріңізді қызықтырған сұрақтарға жауап алуларыңызға болатынын хабарлаймыз! Өтетін орны: Жезқазған к., Гагарин көшесі, 42. Анықтама телефоны: 8 (7102) 761215.

ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

6-ықшам ауданда (Есенберлин к-сі, 63) орналасқан гараж сатылады. Бағасы 1,5 млн. теңге. Телефон: 87771991634, 87001723972

«Жезқазған қаласы білім бөлімінің №8 гимназиясы» КММ тарих пәнінің мұғалімі Жанат Далдабайқызы Қитабабоваға ағасы Қуанышбек Далдабайұлы СМАИЛОВТЫң қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

С.Қожақмұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрының ұжымы жүргізуші Ерболат Есіркенұлы КӨПЕВТИҢ қайтыс болуына байланысты марқұмының отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Сәрсенбай Тақашұлы Әжбенев! Сізді зейнет жасқа шығуыңызбен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, мол бақыт тілейміз. Сіз «Жомарт» кенішінде ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек етіп, шәкірт тәрбиеледіңіз. Үлкен іні, кішіге қамқор аға бола білдіңіз. Сондықтан, ұжымда сіздің беделіңіз биік, мерейіңіз үстем. Қуанышыңызға ортақтаса отырып, Сауле апамызбен бірге немереңіз қызығына тоймай, шөбере көруге жазсын деп тілектестік білдіреміз. Аман болыңыздар! Ізгі тілекпен, Әбжелел, Дәулетбек, Дана, Ұлболсын, Бекзат.

Құрметті Қайрат Қуанышбекұлы Нарбаев! Мерейтойыңыз құтты болсын! Отбасыңыз аман, бауырларыңыз бүтін, еңбекте абырой бітізінен көріне беріңіз! Ауулы жар жігіттік ерігің мың, Қамқор аже шегі жоқ кендігің, Сөзің қырлы, бір сырлы Қайрат аға, Ердің жасы - елуге келді бүгін. Ата-анаға ардақты сана, мүсін, Адал іске арнаған дара күшің, Ұрпағымен мың жасар мәңгілікке, Бүгін ерек, ұлы күн ағам үшін. Жарқырайды өзің деп төбеде қуш, Тағыз да бір елдің бөге демін. Жүзді алқымдап ортада Қайрат аға, Қос ботаңның қызығын көре берсін. Ізгі тілекпен, папац - Қуанышбек, мамац - Күләш, аға-жеңге, апа-жезде, іні-келін, қарындас-күйеуларыңыз.

Құрметті Сыздық Қуанышбекұлы Нарбаев! Туған күніңмен! Бар байлықты, бар жақсылықты бір өзіңе тілей отырып, деніңе саулық, еңбекте табыс, Гулфайра екеуіңе бақытты гүлұйым тілейміз. Отбасым деп басталған бар талабы, Биік болмыс, кең жүрек, марқа бағы. Сыздық ұл да отыз бес жасқа келді, Ел алғысын ол да көп арқалады. Кейде көңіл түсірсе кейін гүлұйым, Көңіл жықпа, тұрақта биікте мол. Саған сенім ортады әулетіміз, Ағайыңға арқашан сүйікті бол! Үш құлыншақ үш ел боп өсе берсін, Сопарменен көркейсін көсегең шың. Отыз бенең қырықтың ортасында, Абырой мен несібеге еселенсін! Ақ тілекпен, ата-анаң, бауырларың.

ЖАҢА КОРОНАВИРУС 2019-nCoV КӨПТЕГЕН АДАМДАР КОРОНАВИРУС АУРУЫ ЖӨНІНДЕ БІЛМЕЙДІ Коронавирус – ол қандай ауру? Аурудың белгілері қандай? Жөтел, Температураның көтерілуі, Енгізу, Пневмония, Диярея, Қусу, Бүйрек жеткіліксіздігі, Өкіле жеткіліксіздігі. Прогноз: жазбаладан наураста өлгені өлгені мүмкін, өте ауыр асқынған дәурем мүмкін. Бірі: Өкіле жеткіліксіздігі, Бүйрек жеткіліксіздігі. 2019-nCoV ВИРУСЫНЫҢ ЕМІ БАР МА? Қазіргі таңда арнайы емі жоқ. Ауру жағдайлары тіркелген елдерде симптоматикалық емдеу жүргізіледі. 2019-nCoV ВАКЦИНАСЫ БАР МА? ВАКЦИНА ЖОҚ Әзірге вакцина әзірленбеген. www.hls.kz

СОТ

ЖЫЛДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

Жезқазған қалалық сотының төрағасы Жанболат Шортанбаев 2019 жылы атқарылған жұмыстар бойынша қорытынды брифинг өткізді. Жиынға қалалық сот судьялары Марат Бекжанов, Серік Сәкенов және БАҚ өкілдері қатысты.



Өткен жылдың 12 айының жалпы есебі бойынша қалалық сотқа 3433 шағым келіп түсті. Бұл көрсеткіш 2018 жылы 7334-ті құраған болатын. Шағымдандушылардың саны 53,1 %-ға кемігендігі көңіл қуантады. Және де сырттай қабылданған шешімдер саны 30-ға, яғни, 1,7 %-ға азайды. 511 шағым қараусыз қалса, 345 шағым кері қайтарылды. Прокурордың қатысуымен аяқталған істердің саны 0,6 %-ға өскен. Яғни, тікелей прокурор қатысуымен жүзеге асқан жұмыстар саны 2019 жылы 19-ды құрады. Аталмыш көрсеткіш 2018 жылы 16-ға табан тіреген болатын, – деді есеп беру барысында сот төрағасы.

Тұлға мен 4 кемелеттік жасқа толмаған жасөспірім әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Біздің мамандар орташа көрсеткішпен алғанда айына 62-ден астам шағымдарды қарастырады. Тұрғындарға сот ісінің ашықтығын, қолжетімділігі мен сот жұмысын қадағалау үшін арнайы «Сот кабинеті» электронды порталы 2014 жылдан бастап жұмыс істеуде. Аталмыш порталдың жұмысына тұрғындар оң бағаларын беріп үлгірді. Бұған портал арқылы түсіп жатқан арыз-шағымдар санының артуы дәлел. 2019 жылы электронды түрдегі 25 әкімшілік іс қаралды. Қазіргі таңда қозғалған мәселелерін медиация жолымен шешетін тараптар саны да артып келеді. «Әділдіктен келесім» жобасы аясында 44 іс медиацияға жөнелтілді. Медиация аясында үш іс өзара келісімге қолжеткізді. 16 іс қайтарылды. Қазір бізде де дау-жанжалды сотқа дейін жеткізбей шешу мақсатында «Билер алқасы» құрылғанын білесіздер. Осынау «Билер алқасына» қаламыздығы ақсақалдар кенесінен, отставка-

дағы судьялардан және елге белгілі сыйлы азаматтардан құралған сегіз адам мүше. Бірақ, өкінішке орай, шағымдалушылар арасында қазірге дейін алқа жұмысы көмегіне сүйенушілер кездеспеді. Қарағанды облысы бойынша аудандық соттарда «Билер алқасына» жүгінушілер саны әлдеқайда көп. Алқа жұмысының алға жылжымай тұрғандығына жезқазғандық тұрғындар менталитеті әлі де болса үйреніспей келеді, деп толықтырды өз сөзін Жанболат Шортанбаев.

Жиын соңында журналистер тарапынан сот төрағасына қазіргі кезде педофилидерге қолданылып жатқан химиялық кастрация тәсіліне қатысты да сұрақтар қойылды. Аталған жайт бойынша қалалық сот тарапынан ондай іс пен жаза қолданылмағаны белгілі болды. Осынау жазалау түріне қатысты жеке пікірін сұраған журналистерге сот төрағасы «Біз Заңды талқыламаймыз, орындаймыз!» деп жауап қайырды.

Ақпарат ТАҒЫБЕРЕН

СПОРТ

АЙМАҚ ҮЗДІКТЕРІН АНЫҚТАДЫ



«Ұлытау» спорттық кешенінде бокстан КСРО-ның спорт шебері Марат Бөлтүрковті еске алуға арналған 2006-2007 жылдары туған кіші жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының «Солтүстік» аймақтық чемпионаты ұйымдастырылды.

бір айғағы – бүгінгі бокс сайысы, – деген қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова барлық қонақтарға алғысын білдіріп, сәттілік тіледі. Сондай-ақ, Марат Бөлтүрковтің туыстарына Алғыс хаттар табыстап, шапан жапты.

Жезқазған сынды шалғайдағы шағын қалада осындай республикалық деңгейдегі спорттық шараның ұйымдастырылып жатқандығы көңіл қуантады. Жігіт биік намыс пен ерен еңбекті қос қанаты еткенде ғана асқар шындарды бағындыруға қауқарлы болады. Спорттың қай түрінің болмасын, әсіресе, бокстың жолы оңай емес. Боксер тек физиологиялық тұрғыдан ғана емес, ішкі, рухани жағынан да мықты болуы керек. Бүгін Жезқазған төріне кілен мықтылар мен майталмандар жиналып отырғандығы күмәнсіз. Бұл шараның жеңімпаздары мен күміс жүлде иегерлері Жамбыл облысы, Шу қаласында өтетін бокстан Қазақстан Республикасының атық чемпионатына жолдама алатын болады. Жас спортшыларға айтарым, алдағы уақытта Азия чемпионатында өнер көрсетуге тырысып, көк байрағымызды биікке желбіретуге тырысыңыздар. Біз бес күн бойғы тартысты бәсекеде кіл жүріктің ішінен ең жүйріктерді анықтайтын боламыз, – деген жарыс қонағы Ермахан Ыбырайымов Мәдениет және спорт министрлігі атынан «Спортты дамыту орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, шара ұйымдастырушысы Саят Балмағанбетовке Алғыс хат табыстады.

25 қаңтарда басталып, 30 қаңтарда аяқталған жарыста 33 келі салмақ дәрежесінде павлодарлық Амантай Баж, 35, 37 және 40 келі салмақ дәрежелерінде қарағандылық Диас Шабанов пен Саят Құрбанәлі және Тамирлан Қозықанов жеңімпаз атанды. Ал, 43, 46 келі салмақ дәрежелерінде алтын медальді павлодарлық Диас Қамерденов пен Мейрам Әлімбаев қанжығалады. 49 және 52 келі салмақ дәрежелерінде жеңісті қарағандылық Алексей Хананцев пен Нұрәулет Мырзаханов иеленді. 55 келі салмақ дәрежесінде қостанайлық Адиль Оленич, 58 келі салмақ дәрежесінде қарағандылық Әділ Қасымов, 61 келі салмақ дәрежесінде қарағандылық Дәулет Күмісбаев, 64 келі салмақ дәрежесінде павлодарлық Ақбар Қазақбай жеңіс мерісінен көрінді. Ал, 67 келі салмақ дәрежесінде қарағандылық Дамир Синеєв, 70 келілік салмақ дәрежесінде қостанайлық Мирас Хакимов жеңіс мінберінен көрінді. Сонымен қатар, «Ең үздік әдіс-тәсілді боксшы» номинациясын павлодарлық Амантай Баж, «Жеңіске деген жігерін көрсеткен боксшы» номинациясы қарағандылық спортшы Дамир Мұхамедиев және «Үздік төреші» номинациясын түркістандық Сержан Асанхановқа табысталды.

Ақпарат ТАҒЫБЕРЕН

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Тіл – адамзат баласының ойының жемісі. Тіл арқылы біз қалаған ойымызды еркін жеткізе алатынымыз – баға жетпес қасиет. Алайда, тіл тек қарым-қатынас құралы емес, ол ұлтымыздың биік тұғыры, ұлттымыздың айнасы, мәртебесі.



Бабалардан сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен қасиетті тілімізді құрметтеу әрбіріміздің парызымыз деп білеміз. Өкінішке орай, қазіргі таңда тіл мәселесі өзектілігін жоймай тұр. Ғабит Мүсірепов «Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» дегендей, бұндай көңіл суытар әрекеттер бүгінде біздің ортамызда да орын алғаны жасырын емес. Өз қазағымыз өз тілінде сөйлей алмай, оған қоса сөйлеуге ұялғаны жаңға батпай қоймайды. Біздің елде, тіпті, мына біздің әрқайсымыздың ортамызда орыс тіліне жүйрік, өз тіліне келгенде жұмған аузын аша алмайтындар көп. Шынында, өзге тілдерді білу қажет. Бұл замананың сұраны-

сынан туындаған қажеттілік. Десе де, оларды ана тілінен биік қояуды доғару керек. Осы ретте Қадыр Мырза-Әлидің «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген өсиеті еріксіз еске түседі. Тілге деген құрметтің жоқтығы, оның ұмытылуына апаратын. Ал, ұмытылған тіл – ұлттың жойылу қасиеті. Бұндай қасиетті болдырмау үшін әр адам тілді құрметтеуді өзінен бастауы қажет. Осы орайда Елбасымыздың «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлесін» деген міндеттемесі орындалса деген тілек туындайды. Расымен, ел болашағы жарқын болсын десек, тілімізді қастерлеуді парызы санауымыз жөн болар. Ол міндетті кіші Отанымыз өз отбасымыздан бастай аламыз. Ана тілі

ана сүтімен келеді, тәрбиені тал берейік. Себебі, тілге құрмет – орбесіктен бойға сіңіру өз қолымыз. Біріміз Ана, біріміз Әке болып өз ұямызға тілге деген құрмет нәрін

Сағыныш АППАЗОВА

«ҰМЫТЫЛҒАН ҚАҒАРМАНДАР»

УМЫТЫЛҒАН ҚАҒАРМАНДАР ЗАБЫТЫЕ ГЕРОЙ. ГЕРОЙ СОВЕТСКОГО СОЮЗА. Қайтыс болғаннан кейін Кеңес Одағы батыры атағына ұсынылды. I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған. Батыр атағын бермеудің мүмкін себебі –

өмірбаянында оның туған ағасы Кемелбайдың қуғын-сүргінге ұшырағандығын ашық жазған екен. Ұлытау өңірінде де осындай таңдырға ұшыраған жауынгерлер бар. Енді солар жөнінде баяндайық. Жоғары сынпапты танкіші Жұман Рахметов 1919 жылы Қарағанды облысының Қарсақбай ауданының (бүгінгі Ұлытау ауданы) 6-аулында дүниеге келген. 1941 жылы Сызыран танк мектебін бітірген. Гвардия аға лейтенанты, I-гвардиялық танк бригадасының I-танк батальонының «Т-34» ротасының командирі. Ол «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталған. 1943 жылдың 13 қаңтарындағы марапаттау парағын оқық: «Гвардия аға лейтенанты Ж. Рахметов көптеген шабуылдарға қатысты. Ж.Рахметов жолдас қатысқан шайқастар оның соққыларының шашпандығымен, әр іс-қимылын ойлап барып жасайтындығымен, қарсыласты үздіксіз бақылап және барлау арқылы қолданған тактикалық әдістерінің жаңашылдығымен, шайқастағы ержүректілігімен, батылдығымен ерекшеленді. Жолдас Рахметовтің есебінде жойылған неміс танкісі, түрлі калибрдегі 15 қару, 36 дзот, 76 миномет, 19 пулемет және 300 неміс солдатты мен офицері бар. Жауынгерлік батылдығы мен қаһармандығы үшін гвардия аға лейтенанты Рахметов Кеңес Одағының батыры атағына лайық. Алайда, ол I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған. Айтжан Батырбековтің батырлығы жайлы құжаттарды оқи отырып, адамның рухани ұлы қайрат-жігерін

және оның қаншалықты ержүреке болуы еректегіні түсінеді. Ол 1913 жылы туған 62-гвардиялық танк бригадасы моторландырылған автоматшыллар батальонының санитары. 1942 жылы Жезқазған аудандық комиссарияты әскерге шақырған. Ол арқашан ұрыста өз орнын табатын, дер кезінде және біліктілікпен көмек көрсететін. Полдесе, Воле-Морвицка, Забожено елді-мекендері үшін шайқаста ерекше көзге түседі. Забожено аулындағы көшедегі ұрыста ол бір өзі жеке автоматпен 8 неміс офицері мен жауынгерін жойып жіберді. Жаралы бола тұра шайқас алаңын тастамады. Қайта жаралыларға барып көмектесіп, оларды қан майдан шебінен алып шықты. 1945 жылы 2 ақпанда оған неміс басқыншыларына қарсы күресте жауынгерлік борышын мұлтқіз орындағаны үшін Кеңес Одағының батыры атағын беру туралы ұсыныс жасалды. Бірақ, «Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Кәрім Дасанов (қате жазылуы мүмкін) Ішкі істер халық комиссарияты Жезқазған аудандық бөлімінде жұмыс істеген. Кіші лейтенант. Әрдайым шабуылдаушы жау әскердің қатарында болды. 1943 жылы 15 қаңтарда 207.4 биігінен оқ жаудырып жауды жою үшін аңдауды сыртна шығып, өзінің қарауындағы 15 жауынгердің күшімен 2 пулеметті, 4 минометті жойып жіберді. Осылай батальонның алға жүруіне жол ашты. 1943 жылы 16 қаңтарда Кранчицаға шабуылға шыққан 3-атқыштар ротасының командирі мерт болғанда рота командирінің міндетін мойнына алып, жаудың осал жағынан соққы беріп, бетбетімен бығырай қашуға мәжбүр етті. Жау ұрыс даласында өлген 250-ге жуық сарбаз мен

офицердің денесін қалдырды. 150 сарбаз бен офицер тұтқынға түсті. 8 ауыр және жеңіл зеңбірек, басқа жабдықтар олжа болды. 1943 жылғы 17 қаңтарда Шведовоны шабуылдағанда Кәрім Дасановтың өзі 25 фашистке ажал құштырды. Сол күні Ржевте шабуыл бастағанда өз тобымен жаудың сыртына шығып, 120 гитлершілге өлім құштырды. К.Досанов тапқырлығы және батырлығы үшін Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылды. Бірақ, 27-армияның қолбасшысы мен әскери кеңес мүшелері II дәрежелі «Даңқ» орденімен марапаттау туралы шешім қабылдады. Бұл оған соңғы тізім емес. Құжаттары жоғалып, ұмытылған талай батырдың есімі мен рухы ұрпақтарына оралатын болады. Осы орайда, Берік Әбдіғалиұлының «Ұмытылған қаһармандар» кітабы дер кезінде жарық көрген әрі сәтті туынды екенін айтуға тиіспіз. Сағыныш ҚОЖАМСЕЙТОВ